

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі
«Төре балабақшасы» ЖШС

"Келісілді"
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
әдіс-методикалық кабинетінің меңгерушісі
С.Д. Қыдырбаева
2021ж
№ _____



"Келісілді"
«Төре балабақшасы» ЖШС
меңгерушісі
С.Д. Қыдырбаева
2021ж
№ _____
Ф.В. Қолтықбаева



2021-2022 о.ж. арналған
«Ойыншықтар әлеміне саяхат»»
БАҒДАРЛАМАСЫ

Әзірлеушінің аты-жөні:
тәрбиешісі:
Сапарова Айсауле Абылхайыровна

Дөң ауылы 2021 жыл

Тақырыбы: «Ойыншықтар әлеміне саяхат»

Айы	№	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Қолданыл атын көрнекілік тер	Сағат саны
Қыркүйек	1	Менің ойыншық тарым	Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	Ойыншықтың суреті.	1
	2	Менің ойыншық тарым	Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	Ойыншықтың суреті.	1
	3	Балабақш ада ойыншық пен қалай ойнау керек?	Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	Әртүрлі ойыншықтың суреті.	1
	4	Балабақш ада ойыншық пен қалай ойнау керек?	Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	Әртүрлі ойыншықтың суреті.	1
Қазан	5	Қуыршақты тамақтандыру	Балаларды алдымен қуыршақпен таныстырып, қуыршақпен кімдер ойнайтынын айтып түсіндіру. Қуыршақты тамақтандыруды үйрету.	Қуыршақ суреті.	1
	6	Мен қызығам ойыншыққа	Балалардың ойыншыққа қызығушылығын арттыру. Ойыншықпен ұқыпты ойнауды үйрету.	Жұмсақ ойыншық. Құрастырмалы ойыншық. Қуыршақ. т.б.	1
	7	Баланы ойыншықпен қызықтыру.	Балаларды топтағы ойын бөлмесіндегі ойыншықтармен таныстырып, сол ойыншықтармен балалардың қызығушылығын арттыру. Ойыншықты тани білуге үйрету.	Ойыншықтың суреті. Топтағы ойыншықтар.	1
	8	Қуыршақты жуындыру.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, қуыршақты қалай жуындыруды үйрету. Қуыршақ өлеңін жаттату.	Қуыршақтың суреті.	1

Қараша	9	Ойыншық тарды жинау.	Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.	Ойыншық тың суреті.	1
	10	Қуыршаққа ат қою.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	Топтағы әдемі қуыршақ. Қуыршақ суреті.	1
	11	Ойыншық тарды топ-топқа бөлу.	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жұмсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б	1
	12	Ойыншық тарды топ-топқа бөлу.	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жұмсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б	1
	13	Жұмсақ ойыншық.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, соның ішінде жұмсақ ойыншыққа жеке тоқталу, түсіндіріп айту.	Әртүрлі жұмсақ ойыншықтың суреті.	1
Желтоқсан	14	Серуенде ойнайтын ойыншықтармен танысу.	Балаларды серуенде ойнайтын ойыншықтармен таныстырып, ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.	Серуенде ойнайтын ойыншықтардың суреті.	1

	1 5	Менің ойыншық тарым қалай тамақтанады?	Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жаттату.	Көркем сурет.	1
	1 6	Жұмсақ ойыншық пен ертегі құру.	Қыстағы айналадағы ерекшеліктерді бақылату, қойылған сұраққа жауапты толық беруге дағдыландыру. Ертегі мазмұнын айтып беру.	Қуыршақ театры.	1
Қаңтар	1 7	«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов	Н.Әлімқұловтың ойыншықтар өлеңін жаттату. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.	Ойыншықтың суреті.	1
	1 8	Ойыншық пен ойнайтын ойындар.	Балаларды ойыншықпен ойнайтын ойындармен таныстыру. Қалай ойнауды түсіндіру. Асхана ойыны.	Көркем сурет.	1
	1 9	Ойнап өс, ойлап өс.	Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Қуыршақ театры	1
	2 0	Ойнап өс, ойлап өс.	Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Қуыршақ театры	1
	2 1	Ойнауға досым шақырып тұр.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру.	Көркем сурет.	1
	2 2	Ойыншықтың түрлері.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.	Ойыншықтың суреті.	1
	2 3	Ойыншықтың түрлері.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.	Ойыншықтың суреті.	1
Ақпан	2 4	Аю – әдемі сыйлық.	Жануарларды ажырата білуге, балалардың сөздік қорын кеңейту.	Суреттер, плакаттар.	1
	2 5	Ойыншықтар бөлмесі.	Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.	Көркем сурет.	1
Наурыз					

Сәуір	26	Ойыншық пен ойнату арқылы баланы сөйлету.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру. Балалардың сөздік қорын кеңейту.	Ойыншықтың суреті.	1
	27	Ойыншық пен ойнату арқылы баланы сөйлету.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру. Балалардың сөздік қорын кеңейту.	Ойыншықтың суреті.	1
	28	«Машина» » К.Ыбыраев өлеңі	К.Ыбыраевтың «Машина» өлеңін жаттату. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.	Көркем сурет.	1
	29	Мына ойыншықтың қызығын-ай.	Балаларды серуенде ойнайтын ойыншықтармен таныстырып, ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.	Ойыншықтың суреті.	1
	30	Айнұрдың ойын бөлмесі.	Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.	Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жумсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б	1
	31	Біздің топтағы әдемі ойыншықтар.	Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жаттату.	Көркем сурет.	1
	32	Ойыншық пен тату ойнаймыз.	Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.	Ойыншықтың суреті.	1

Мамыр	3 3	Мен және менің қуыршағым	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жумсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б	1
	3 4	Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	Көркем сурет.	1
	3 5	Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	Көркем сурет.	1
	3 6	Қорытындылау оқу қызметі	Балаларды ойыншықтар туралы алған білімдерін қорыту.	Қажетіне қарай көрнекіліктер.	1

Барлығы: 36 сағат

Кіріспе

Ұсынылып отырған бағдарлама «ҚР-ның жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Бұл бағдарлама әрбір баланың шығармашылық және парасаттылық қабілеттіліктерін жан – жақты дамытуға вариативтік бөліміне арналған әдістемелік құрал.

Бағдарламаның мақсаты:

- коммуникативтік, танымдық, ойындық және басқа да белсенділіктерді ынталандыру;
- баланы адал, шыншыл, әділетті, қамқор болуға тәрбиелеу;
- әрбір баланың шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан – жақты дамыту;

- сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке, сауаттылыққа тәрбиелеу;
- баланың сөздік қорын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
- театрлық іс-әрекетті ертегілерде пайдалана отырып ойын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты, тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу;
- ертегілерге балалардың қызығушылығын оятып, кейіпкермен бірге қуану-қайғыруды, төңірегіндегілердің көңіл-күйін байқауға үйрету;
- баланың қиялын, есте сақтауын творчестволық қабілетін дамыту: ойдан әңгіме, ертегі шығарып үйрету;
- балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін ояту.

Бағдарлама мазмұны бойынша меңгерілуге тиісті білім мен біліктілікке қойылатын талаптар:

- балалар тақырыпты өздігінен талдап, оқылған сабақ жайында өзіндік сезінуі, түйсінуі негізінде баға беру, ойларын жеткізе білу;
- тақырыпқа байланысты талдау жасай білуі;
- тақырыбы бір – біріне ұқсас оқиға желісіне байланысты ажырата, салыстыра білуі;
- тақырыптарды өмірмен байланыстыра алу;
- ойын арқылы тілін жетілдіру.

Бүлдіршіндердің бір – бірімен ауызекі сөйлесуі арқылы тілді меңгеруіне ықпал етеді. Сабаққа балалардың қызығушылығын оятып, кейіпкердің жағымды және жағымсыз қылықтарын бағалап, өз ойларын еркін айта білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның мазмұны қарапайымдыдан күрделіге көшу қағидасына негізделіп отырып жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бала мен балабақша журналы 2011 жыл № 5
2. Отбасы және балабақша журналы 2013 №2
3. Мектепке дейінгі тәрбие журналы 2012 №3
4. Жаттамақ (Балаларға арналған)
5. Казахский язык.Хрестоматия , Еденбаева З.Д.,Сарсенбаева А.У., «Алматыкітап» 2008ж
6. Көркем әдебиет 2014ж
7. Тіл дамыту 2015ж
8. «Ойлаумен, ой толады...»Д.Болатова,Алматы «Балауса» 2004жыл

Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым»

Мақсаты: Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беру, жаңа сөздермен таныстыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру, ойыншықтарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Әдіс – тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сөздік, ойын.

Көрнекіліктер: ойыншықтар, қуыршақ, доп.

Меңгерілетін сөздер: ойыншықтар, доп, қуыршақ.

Әрекет кезеңдері	Әрекет барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	<i>Сәлемдесу шеңбері</i>	<i>Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы күн, балалар! Сәлеметсіңдер ме, балалар!</i> <i>Көңіл – күйлерін, ауа райын сұраймын</i> <i>- Жарайсыңдар, қараңдаршы бізге топқа не тастап кеткен? 2-3 баладан сұраймын. Балалардың назарын ойыншықтарға аударамын.</i>	<i>Бәрі бірге дұрыс, әрі анық айтады.</i> <i>- Сәлеметсіз бе!</i> <i>Балалардың жауабы. Кезекпен айтады.</i> <i>Балалардың жауабы</i>
Іздену ұйымдасты - рушысы	Фонетикалық жаттығу Тіл дамыту	-шақ –шақ –шақ – қуыршақ -шық –шық –шық – ойыншық қыт –қыт –қыт -тық –тық -тық Суреттер бойынша жаңа сөздерді	<i>Топпен қайталайды, тілдерін жаттықтырады.</i>

	Сергіту сәті Диалог	меңгерту. Ойыншықтар – игрушки Доп – мячик Қуыршақ - кукла -Балалар, мынау не? -Мынау не? (шеңбер бойымен жеке сұраймын) Топ, топ, топ, топ, Доп, доп, доп, доп, Доп жоғалды жоқ, Қап, қап, қап, қап, Тап, тап, тап, тап. Сөйлеу үлгілері: - Сенде ойыншық бар ма? - Ал мынау не? - Ал мынау не?	<i>Сұрақтарға жауап береді. (жауапты жекеше, көпше береді)</i> -Мынау қуыршақ -Мынау доп <i>Шеңберге тұрып, қимыл-қозғалыс арқылы қайталайды</i> -Иә, бар: қуыршақ, доп, аю, т.б. - Мынау доп. - Қуыршақ.
Рефлексивті- коррекция- лаушы	Дидактика - лық ойын Қоштасу	«Кім көп айтады?» д/о. -Жарайсыңдар, балалар! Енді ойыншықтарды жинай отыра бүгін үйренген жаңа сөздерімізді бекітейік. - Мынау ойыншықтар - Ал мынау қуыршақ пен доп. Ризамыз, ризамыз, Осы күнге ризамыз. Ризамыз, ризамыз, Өткен күнге ризамыз!	<i>Кезекпен ойыншықтарды қазақ тілінде айтады.</i> <i>Топпен қайталайды.</i> <i>Шеңберге тұрып, қимыл-қозғалыспен қайталап, қоштасады.</i>

Күтілетін нәтиже:

Білуі: ойыншықтарды қазақша біледі.

Меңгеруі: ойыншық, қуыршақ, доп сөздерін меңгерді.

Қолдана алады: «Мынау не?» сұрағын дұрыс, түсініп жауап береді.

Тақырыбы: Балабақшада ойыншықпен қалай ойнау керек?

Мақсаты: Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тапқатар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ойын арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: ойыншықтар, суреттер.

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қонақтармен амандасып алайық.

Шаттық шеңбер:

Күннің көзі ашылып

Көкке шуақ шашылып

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Ал қанекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздерме!

Балалар бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: **«Менің сүйікті ойыншықтарым»**. Осы ойыншықтарға байланысты ойындар ойнайық. Ойынымыздың аты **«Көбелек гүлге қонады»**.

Ойын шарты: Сендер гүлсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қай балаға қонса сол бала менің сұрағыма жауап береді.

Сұрақтар: 1. Сүйікті ойыншығың бар ма?

2. Қандай ойыншығың бар?

3.Немен ойнайсыңдар?

4.Қандай ойыншықпен ойнағанды жақсы көресің?

Ия балалар ойынды жақсы ойнадық, бүгін біз сендермен сүйікті ойыншықтарымыз жайлы айтамыз.Қараңдаршы, біздің тобымызда ойыншықтар көп екен.Мұндай түрлі ойыншықтар бізге ойнау үшін керек. Қане мына ойыншықты ұстап көрейікші.

Қандай екен?

— Балалардың жауабы: Жұмсақ.

Тәрбиеші:Ойыншықтарды ұстап сипап көру арқылы біз олардың қандай екенін білеміз. Ойыншықтар пластмассадан, резинадан, ағаштан, темірден,матадан жасалады. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады.

Балалар енді осы ойыншықтарымызбен ойын ойнайық.Мен үстел үстіне ойыншықтарды қоямын сендер мұқият қарап алып көздеріңді жұмыңдар, мен «аш» деген де көздеріңді ашып үстел үстінде қандай ойыншық жоқ екенін табасыңдар.

Ал енді балалар осы ойыншықтар туралы тақпақ, өлең білесіңдерме?Кім маған тақпақ айтып береді?

Т.Нұрасыл:Доп добым домалақ

Қайда кеттің домалап

Бір, екі деп ұрдым

Шатырға сен секірдің

Өлең: «Қуыршақтар» Айгөлек тобының бүлдіршіндері орындайды.

Біздерде бар қуыршақ

Бұзау қозы құлыншақ

Қуыршақтар тыңдайды

Әмір беріп бұйырсақ

Қуыршақтар тыңдайды
Айтқанымнан шықпайды
Ал қозызымен қуыршақ,
Ұйықта десем ұқпайды

Осылары дұрыспа,
Тентектігін қоймаса,
Тұрғызамын бұрышқа.

Балалар мен сендермен тағы бір ойын ойнағым келіп тұр. Мына тақтада ойыншықтардың суреттері ілініп тұр, осы суреттерге мұқият қарайықшы, бұл суреттердің жарты бөлігі ғана тұр, ал сендер осы суреттердің жарты бөлігін мына үстел үстіндегі суреттердің арасынан тауып қойсаңдар қандай ойыншықтың суреті шыққанын табасыңдар.

Ал балалар енді тағы бір ойын ойнайық ойынымыздың аты «**Сиқырлы дорба**»

Ойын шарты: дорбадан кез-келген ойыншықты аласыңдар алған ойыншықтарыңның атын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтасыңдар.

Доп: доптың түсі қандай?

Пішіні қандай?

Доп туралы кім тақпақ айтады?

Қоян: Қоянның құлағы қандай?

Қоян қандай қатты ма жұмсақ па?

Қоян не жейді?

Машина: машинада не бар?

Машинаның түсі қандай?

Машина туралы қандай тақпақ білесің?

Аю: Аю нені жақсы көреді?

Аю қалай жүреді?

Қорытынды:

Тақырыбы: Қуыршақты тамақтандыру

Міндеті: Баланың сөздік қорын толықтыру.

Сөздік жұмыс: қуыршақ, тарелка, қасық, бокал.

Көрнекілік: қуыршақ, тарелка, қасық, бокал.

Жас ерекшелігі: 1 жас 3 айға арналған.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	- Ұйымдастыру кезеңі. - Терезеге қарашы, күн қандай жақсы: тыныш, жылы, күн шығып тұр. - Қарама-қарсы тұрып «қайырлы күн тілейміз». Бала, бала, балапан, Кәне қайсы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. (Біраз жүреміз). - Орындыққа барып отырамыз. - Қолың қайда? - Танияның қолы қандай әдемі. - Саусақтары ұзын, қолы жылы. - Алақанды ашып көрейікші, не бар? - «Қуырмаш» санамақ оқимын. Қуыр, қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Тауықтарға тары шаш, Басбармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкентай бөбек,	Қимылдарды бірге қайталау. Үстел үстінде екі қолын қояды. Күледі, бірге айту. Тәрбиешінің іс-қимылын

Қытық, қытық.
алақанда қытық бар екен.
Ыдыста салынған көрнекіліктер
жаттығуға арналған «ұсақ
моторика».

- Доп кірпіні домалату
(алға, артқа, шеңбер домалату).
- Таян допты қыс, доп
жұмсақ, енді ыдысқа сал.
- Таяқшаны артқа, алға
домалату, таяқшаны қыс, таяқша
қатты, ыдысқа сал.
- Щетка: алақандарына
жоғары, төмен щеткамен жүргізу.
- Алақанына шеңберлеп
жүргізу.
- Қолғап: алақанын қатты
уқалау, қолына киіп, қолдарының
сыртынан сипау. Алақан ысыды.
- Қуыршақты әдемі орамалмен
жауып қоямыз.
- Баланың көңілін қуыршаққа
бөлу.
- Ой, мынау не?
- Таян орамалды аш, мынау не?
- Қуыршақ.
- Қуыршақты балаға беріп,
қуыршақты ұстау.
- Қуыршақ саған не әкелді?
- Қораптың ішінде ыдыс-аяқ,
екі тарелка, екі қасық, екі бокал.
- Қораптан алып, тарелканы
жеке қоямыз, жеке-жеке атын атап.
- Мен тарелканы алып
көрсетемін
- Мынау тарелка..., қасық...
бокал.
- Тарелканы ал!
- Қуыршақты
тамақтандырамыз.
- Қуыршаққа тарелканы
берші...

Қасықты бер..., бокалды бер...
-Тарелкаға каша саламыз, қасықпен
жиміз, бокалмен шай ішеміз.(Таян
қуыршақты тамақтандырады)

- Ыдысқа сал.

қайталау.

Әр жаттығу сайын
көрнекілікті орнына салып
қояды.

Ля-ля айтады.

Қуыршақты уату.

Қайталап айтады.

Ыдыста тұрған тарелка,
қасық, бокалды алып
көрсетеді.

Ля – ля қуыршақ береді.

	- Өзім қуыршақты алдыма отырғызып, Тая рахмет саған. Бәрі жақсы болды. - Қуыршақтың қолынан ұстап, орнына тұрып, шығамыз.	
	Игереді: тамақтандыру ережесі.	
	Біледі: қуыршақ.	

Тақырыбы: Мен қызығам ойыншыққа

Мақсаты: Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, қабылдау есте сақтау қабілетін жетілдіру, ойын арқылы қызығушылығын артыру мақсатында өткізілетін сабақ түрлі түсті ойыншықтар, көрнекілікке алынып көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын, көркем сөз пайдалану.

Көрнекіліктері: Резеңкеден жасалған, темірден жасалған, ағаштан жасалған, матадан жасалған ойыншықтар және суреттері, ойынға байланысты маскалар, аңдар киімдері, көбелек.

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане қонақтармен жақсылап амандасып алайық.

Шаттық шеңбері.

Кішіге де сіз,

Үлкенге де сіз

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Сәлем күн - анамыз,

Бүгін бәріміз қуанамыз.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шыққан бүгін Күн!

«Көбелек гүлге қонады» ойыны

Ойынның шарты: Сендер гүлдерсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады.

Көбелек қонған бала менің сұрағыма жауап береді.

1 Қазір жылдың қай мезгілі?

2 Қыс мезгілінде неше ай бар?

3 Ауа - райы қандай болады?

4 Сүйікті ойыншығың қандай?

Тәрбиеші: Балалар енді «Ненің суреті жасырылған?» ойын ойнап алайық. Ойын шарты бойынша өздеріңе ұнаған пішіндерді тандап алыңдар, олардың артында аяқталмай қалған суреттер бар сол ненің суреті екен табыңдар.

Жасырылған суреттер: доп, қуыршақ, машина, ит т. б

- Балалар, сонда бұлар ненің суреттері?

- Ойыншықтардың

- Жарайсыңдар, дұрыс. Осы ойыншықтарымыз қандай пішіндердің артына жасырылған?

Балалар сендер үйде, балабақшада не істейсіңдер? Немен ойнайсыңдар? Иә, балалар бүгін біз сіздермен сүйікті ойыншықтарымыз туралы айтамыз!

Ойыншықтармен қалай ойнау керек екенін білеміз бе? (балалардың жауабы)

Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады.

Күнделікті ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе? Иә, онда мына ойыншықтарымызға мұқият қарайықшы. Ойыншықтардың мынадай түрлері бар екен. Ойыншықтардың түрлерімен таныстырып кетейін.

1. пластмассалы
2. резиналы
3. матадан
4. ағаштан
5. темірден

Балалар сендер енді өздеріңнің ойыншықтарыңды неден жасалатынын білдіңдер ме?

Балалар енді сендер өздеріңнің сүйікті ойыншықтарың туралы тақпақ білесіңдер ме?

Нұрхан

Үлкенмін ғой міне мен,
Ойыншықтарды жинаймын.

Машинаға мінер ем,
Кабинаға сыймаймын.

Меруерт

Добым менің домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Тәрелкені сындырдың.

Қобылан

Рельстің жолы ұзын,
Мынау менің пойызым.
Тақ - тұқ жолға шықтық,
Тақ - тұқ шамды жақтық.

Нұрасыл

Кесе - шыны пияла,
Оларсыз шәй құя ма.
Қасықсыз тамақ жемейміз,
Бәрінің атын не дейміз.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»

Балалар мен енді жұмбақ жасырамын егер жауабын дұрыс тапсаңдар сандық ішінен сол ойыншық шығады.

Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.(түйе)
Үрлесен жеп - жеңіл,
Елпілдеп кетеді.

Ұшырсаң, Көк – теңбіл.

Бұлтқа да жетеді. (Шар)

Тиіп кетсе жылаған,
Дауысы көпке ұнаған.(домбыра)

Қане балалар сендерге ойыншықтар туралы тақпақ айтып берейін.

Бізде де бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,
Ақыл айтсақ бұйырсақ.

Сергіту сәті

Тікірейіп екі құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті қолын жуады.

Секірем деп үстелден,

Құлап жүрме мысығым.

(Осы кезде есік қағылады, Сайқымазақ өзінің достарын ертіп келеді.)

Балалар мені таныдыңдар ма?

Менің достарым сендерге өз ойларын айтқысы келеді, оны есту үшін менің сыйқырлы сөздерімді қайталаңдар «Рэкс, Пэкс, Фукс» Ойыншықтарға тіл бітеді

Аю: Мен бал құмар аюмын, қорбаңдаймын ол рас ойнауды мен ұнатамын, тек өтінемін құлағымнан тартпаңдар.

Күшік: Мен күшікпін «аф - аф» мен сендерді қорғаймын, тек құйрығымнан тартпаңдар.

Қуыршақ: Мен әдемі қуыршақпын қыздарды жақсы көремін, тек шашымнан тартпаңдар.

Балалар ойыншықтарына ұқыпты қарауға, бәрімен дос болуға уәде береді.

Сайқымазақ ойыны: Балалар мен сендермен бірге ойын ойнағым келеді Ойнайсыңдар ма? «Ойыншықты сипатта» ойынның шарты бойынша ортаға шыққан баланың көзін байлап қолына ойыншық ұстату, оның қандай ойыншық екенін қолымен сипап көру арқылы атау.

Балалар мен де өзіммен бірге сүйікті ойыншығымды алып келдім. Мен де сендер сияқты кішкентай кезімде осы ойыншықпен ойнағанмын. Мен де ойыншығымды ұқыпты, таза, кірлетпей ойнадым. Қараңдаршы әлі де жап - жаңа, тап - таза. Сендер де ойыншықтарыңды таза, ұқыпты ұстаңдар. Осы менің ойыншығымды қазір бәріңе беремін, қолдарыңа алғанда осы ойыншыққа жақсы тілектерімізді айтайықшы.

Тілектер тізбегі

- Нанымыз көп болсын!
- Еліміз аман болсын!
- Досымыз көп болсын!
- Деніміз сау болсын!
- Әке - анамыз аман болсын!
- Аспанымыз ашық болсын!
- Елбасымыз аман болсын!
- Бақытты ел болайық!

Сайқымазақ: Мына шарларды сыйға тартамын.

Балаларды мадақтау

Орнымыздан тұрайық,

Түзу сызық құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау - саламат болайық!

Тақырыбы: «Қуыршақты жуындырайық»

Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

Сөздік қорын сөздік ойындармен, жаттығулар арқылы байыту.

Шағын тақпақтар айта білуін қалыптастыру.

Заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтай білуге үйрету.

Мәдени гигиеналық дағдыларын жетілдіру.

Педагогикалық технологиялар: АКТ, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап..

Ресурстармен қамтамасыз ету: қуыршақ, шомылдыратын ыдыс, су, орамал, сабын, (қуыршақтың киімдері- шалбар, күртеше.)

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

1. Ұйымдастырушылық кезеңі: Қуыршақтың жылаған дауысы естіледі....

- Балалар тыңдаңдаршы біреудің дауысы естіледі ме?

-Ия, жылаған дауыс естіледі.

- Қане, көрейікші, - бұл кім екен?

-Балалар қараңдаршы! мына жерде қуыршақ жылап отыр.

-Қуыршақ неге жылайды деп ойлайсыңдар?

- Өйткені ол кір, құлап қалған.

- Қай жерлері кір?

- Беті, қолы, көйлегі, (үсті-басы) кір.

-Сен неге жылайсың?

-Менің таза болғым келеді, көп достарым болғанын қалаймын.

-Біз оған көмектесе аламыз ба? – Қалай көмектесеміз?

- Жуындырамыз...

-Ия, дұрыс айтасыңдар. - жуындырамыз.

- Жуындырмас бұрын қуыршақтың аты кім екенін біліп алайық.

Балалар сұрайды: - Атың кім?

Қуыршақ: - Сауле.

2. Негізгі бөлімі: - Жуындыру үшін не керек?

- Шомылдыратын ыдыс (Ванна), су, сабын керек.

-Қандай су керек?

- Жылы су керек.

- Неге?

-Тонып қалмау үшін.

Дұрыс айтасыңдар.

-Суды құямын, су құйып жатып артикуляциялық жаттағу жасау:

-Ауызды түтікше қылып алға созамыз, жалпақ тілді жоғары көтереміз, су сияқты шуылдаймыз.

-Жақсы балалар, енді бәрің бірге тақпақ айтып беріңдерші:

**Жуын, жуын, жуынсақ,
Қандай жақсы қуыршақ.
Кірлеп кеткен екенсің.
Қазір аппақ боласың,
Қуанады анашың.**

Тамаша, жарайсыңдар!

Қане енді Саулені бірге жуындырайық:

Киімін шешу ретін көрсету. (Аяқ киім, көйлек, іш киім.) Шешіп отырып, киімдерінің аттарын айтып отыру:

аяқкиім, көйлек.

Бірінші денесінен бастап жуындырамыз, сендер айтып отырыңдар мен қай жерін жуып жатырмын? Сабынмен мойынын, ішін, қолдарын, арқасын, құйрығын, аяқтарын жуындыру.

Тамаша! Дұрыс айтасыңдар балалар. Енді басын жуамыз, басын құманмен таза су құйып тұрып жуамыз. Басын соңғы жуған себебі ол тонып қалады сондықтан соңында таза сумен жуып барлық денесін шайып шығарамыз.

- Мен Саулені қайда орадым? Неге?

- Орамалға орадым, немесе сүлгі деп те айтамыз. Өйткені ол су, оны құрғатып сүртіндіру керек.

-Киіндіру:

1. Майка
2. Шалбар
3. Күрте
4. Бас киім

Қараңдаршы Сауле қандай болып қалды?

-тап-таза, әдемі, сұлу болды.

Енді оның көңіл-күйі көтеріп **сергіту** жасайық:

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Емес олар ұрыншақ

Жарайсыңдар, өте жақсы.

Енді отырып қуыршақ Саулеге достарын тауып берейік көңілденіп қайтсын:

Ойын: «Қуыршақ құрастыр»

Қуыршақ Сауле сендерге риза болды, рахметін айтып жатыр. Оның үйіне кететін уақыты келді.

Қоштасайық балалар.

3. Қорытынды: Бізге кім келді? Оған қандай көмек көрсеттік? –Жуындырдық, достарын құрастырып бердік.

Жарайсыңдар, рахмет сендерге.

Тақырыбы: Баланы ойыншықпен қызықтыру

Мақсаты: Ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. Ойыншықтарға

қызығушылықтарын ояту, ойын ойнау арқылы ой-өрісін тілдерін дамыту.

Ойыншықтар бейнесіне еніп ойын ойнауға қызығушылықтарын ояту.

Көрнекілігі: Ойыншықтармен безендіру. Дүкенді ойыншықтармен толықтармен толықтармен толықтыру.

Түрі:

Саяхат

Тәрбиеші: Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды күніміз
Жарқырайды даламыз.
Қайырлы күн балалар,
Қайырлы күн қонақтар.

-Балалар қонақтармен амандастық енді алақан жылу арқылы бір-бірімізге жылы лебіздерімізді тілейік.

-Деніміз сау болсын!

-Нанымыз көп болсын!

-Мамамыз ауырмасын!

-Отанымыз тыныш болсын!

-Тіл алғыш бала болайық!

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Бүгін біз ойыншықтар әлеміне саяхатқа барамыз.

Ойыншықтарым көп менің

Бәрін жақсы көремін.

Кешке дейін жалықпай

Олармен ойнап жүремін-деп, балалар ойыншықтармен кім ойнайды?

-Балалар

-Ұл балалар қандай ойыншықпен ойнайды?

-Машинамен

-Қыз балалар қандай ойыншықтармен ойнайды?

-Қуыршақпен

-Ойыншықтар туралы тақпақ білемізбе?

-Иә

Әлнұр: Ойыншықтарым көп менің,

Бәрін жақсы көремін.

Жуындырып, тазалап

Күтіп ұстап жүремін.

А.Аружан: Біздерде бар қуыршақ

Бұзау, қозы, құлыншақ

Ойыншықтар тыңдайды

Айтқанымнан шықпайды.

Мейіржан: Ойыншықтарым көп менің,

Бәрін жақсы көремін.

Кешке дейін жалықпай,

Олармен ойнап жүремін.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Енді біз ойыншықтар әлеміне саяхатқа шығайық.

Саяхатқа шығу үшін бізге көлік керек. Қандай көлікпен барамыз?

-Автобуспен

-Автобусты кім жүргізеді?

-Жүргізуші

-Міне біздің көлігіміз келді.

-Жүргізуші

Агу: Машинамын, көлікпін

Мамандарға керекпін

Үйренген соң білімді

Білесіңдер тілімді.

-Біздің көлігіміз келді. Енді жайлап көлікке мінейік. Көлік үстінде қандай ережелерді сақтау керек.

-Шуламау керек

-Терезеден басты, қолды шығаруға болмайды.

-Міне балалар біз ойыншықтар әлеміне келдік.

-Оның есігі шармен жабық тұр екен. Ішіне кіру үшін шарды жарып ішіндегі тапсырманы орындауымыз керек.

-Шарды кім жарады?(шарды жарып тапсырманы орындайды).

Тапсырмалар жұмбақтың шешуін табу.

Орманды жортып, қорбаңдап,

Жүреді теріп құлпынай

Үп-үлкен боп қорқады

Кіп-кішкене арадан.

(аю)

Құлағы ұзын, құйрығы қысқа,

Жақсы көреді сәбізді

(қоян)

Үстінде әдемі көйлегі

Шашында әсем бантигі

Қыздардың сүйікті ойыншығы

(куыршақ)

-Міне балалар есікті аштық енді ішіне кірейік.

-Бұл кім?

-Дүкенші

-Балалар дүкеншімен амандасайық

Дүкенші:Сәлематсыздарма балалар!

Ойыншықтарым көп менің,бәрін жақсы көремін

Өнеріңді көрсетте,ұнағанды таңдап ал

-Кім ойыншық алғысы келеді?

Әділер:Маған қасқыр ұнайды

Мен қасқырмын

Малшыны састырдым

Аш болсам ұлимын

Ауылды торимын

Гүлдана:Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалды сыбырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып секірді

Ажар:Күшіктерім титімдей

Жақсы көрем итімді

Төрт күшіктің біреуін

Таңдап алдым сүйкімді

Жания:Ойыншығым қонжығым
Анасында білмейді
Қорбаңдаған аюды
Түсінде де көрмейді

Гүлсезім:Мен тышқанмын,тышқанмын
Тарыны жақсы көремін
Үй ішін жорытамын
Мысықтан қорқамын

Сабина:Ойыншығым қояным
Алдыңа сәбіз қоямын
Өзім жеп,әбден тоямын

Б.Аружан:Добым-добым домалақ,
Тоқтамайсың домалап
Үстел үстін бүлдірдің
Тарелкені сындырдың

Арай:Шкафтарды ашпаймын
Кітаптарды шашпаймын
Текшелерден үй жасап
Қызық ойын бастаймын

Қарақат:Ойыншық,ойыншық
Сен неге күлмейсің
Бір ауыз жақсы сөз
Айтуды білмейсің

Мерейлім:Тату өскен баламыз
Айтқан тілді аламыз
Нанға кетсе мамамыз
Үйде ойнап қаламыз

Роза: Достар бірге жүреміз
Бірге ойнап күлеміз
Бірге балық аулаймыз
Міне біздер қандаймыз

-Жарайсыңдар.

Тәрбиеші; - Құлақ түре қалдыңба?

- Қызығына қандыңба?
- Мультфильмдер мың түрлі
- Ертегілер алдында.
- Мен сендерге бір қызық ертегі айтып берейін.

Саня қыз-Аружан

Қоян-Гүлдана

Аю-Жания

Қуыршақ-Сабина, Қарақат

Құстар-Мейіржан, Айзада

Бір күны Саня деген қыз болыпты. Оның Атасы, Апасы, Папасы ойыншықтарды алған сайын оған ойыншықтар сыйлайды. Саня бір күні ұйықтап қалғанда ойыншықтар дауласыпты. Сондағы қыз қайсыларын жақсы көреді.

Саня қыз мені жақсы көреді.

Қоян: Жоқ Сания қыз мені жақсы көреді. Өйткені мен үлкенмін, мені кейде жастанып алады.

Құстар: Сендер неге дауласасыңдар. Сания қыз барлықтарыңды жақсы көреді, ол тек ойнап үлгере алмайды,-дейді.

Қарақат: Әй қуыршақ, қуыршақ
Жуынбайсың, жуынсақ
Беті-қолдың батпағын
Елең қылмай жатпағын
Қашан адам боласың?

Сабина: Әй қуыршақ, қуыршақ
Су әкел деп қиылсақ
Бетті теріс бұрасың
Бедірейіп тұрасың
Қашан адам боласың?

-Тобымызға баратын уақыт болып қалды, барлығымыз дүкеншіге ойыншықтар өлеңін айтып берейік.

Біздерде бар ойыншық
Бұзау, қозы, құлыншақ
Ойыншықтар тыңдайды
Ақыл айтсақ, бұйырсақ
Қуыршақтар ұйықтайды
Айтқанынан шықпайды
Бұзау, қозы, құлыншақ
Ұйықта десең ұқпайды
Тыңдамайды ұрысса
Осылары дұрыс па?
Тентектігін тимасы
Тұрғызамыз бұрышқа.

-Балалар кәлігімізге отырып тобымызға барайық.

-Бүгін біздер қандай елге саяхатқа бардық?

-Ойыншықтар еліне саяхатқа бардық.

-Онда қандай дүкенге кездестік?

-Ойыншық дүкенші бізге ойыншықты бере салдыма?

-Қандай өнерлеріңізді көрсеттіңіздер?

-Қандай ертегі тыңдадыңдар?

-Ойыншықтармен бір мезгілде бәрімен ойнап үлгере аламызба?

-Ойнап болғасын ойыншықты қайда қоямыз?

-Сөрелерге жинап қоймыз.

-Біздер міне бақшаға келдік.

-Балалар саяхатымыз осымен аяқталды.

-Балалар сендерге саяхат ұнадыма?

-Иә.

Тақырыбы: Ойыншықтарды жинау.

Мақсаты: 1. Қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру.

2. Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап заттарды топтастыра білуді, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білу дағдылырын игерту.

3. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу.

Қолданылатын көрнекті құралдар: ойыншықтар- қуыршақ, қоян, жүк көлігі, аю, машина, доп.

Сөздік жұмыс: материал.

Билингвальды компонент: ойыншық-игрушки.

Оқу іс - әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар біз бүгін ойыншықтар әлеміне қонаққа барамыз. Ойыншықтар сөресінде жиналып тұрған ойыншықтарды атайық. -Қуыршақ, қоян, жүк көлігі, аю, машина, доп.	Балалар ойыншықтарды атайды
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1. Білімді өзектендіру «Сйқырлы сандық» ойыны. Шартты: сандық ішінен ойшықтарды бір-бірден шығарып, оларды сиппатайды, олармен қалай ойнайтындарын әнгімелейді 2. «қабырғаны тұрғызамыз» саусаққа арналған жаттығуы. Қабырғаны тұрғызамыз Жоғары, жоғары. Осылайша Шатырды да саламыз! Педагог ойыншықтарды көрсетіп тұрып: Бұл заттардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?- деп	Мысалы: қуыршақпен қыздар ойнайды. Қуыршақты тербетеді, тамақтандырады, киіндіреді т.б. Машинамен ұлдар ойнайды т.б. Ауада саусақтарымен үйдін суретін салады. Ойыншықтар.

	сұрайды. - Ойшықтарды арнайы мамандар әр түрлі материалдардан жасайды. Мысалы, резеңкеден жасалған ойшықтар болады. Доп резеңкеден жасалған. Қане, допты сипап көрейк, ол қандай? Салмағы қандай? - Сонымен қатар ағаштан жасалған ойыншықтарда бар. Оларға текшелерді жатқызуға болады. - Сипаттап көрейк, сипап көргенде саусаққа қалай сезіледі? - Олар резеңкеден жасалған ойыншықтарға қарағанда қатты, соған қарамастан оны күтіп ұстау керек. 3. Сергіту сәті: . «Ойыншықтар» 4. Билингвальды компонент ойыншық –игрушка, қуыршақ – кукла, текшелер - кубики. 5. Резеңкеден және ағаштан жасалған қуыршақ пен ұшақты сипаттау. - Балалар, бізге қонаққа тағы бір ойыншық келді. Бұл ойыншық қалай аталады? - Қуыршақ ағаштан ба алде резеңкеден жасалған ба? - Мына ойыншық қалай аталады?(Ұшақты көрсетеді). - Ұшақ неден жасалған? 6. «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны. - Мына ғажайып қапшықты	Текшелер. - Жұмсақ - Жеңіл - Қатты Саусаққа арналған жаттығуды орындайды. Қайталайды. - Қуыршақ. - Резеңкеден. - Ұшақ. - Ұшақ ағаштан
--	---	---

	ойыншықтар бар. Қазір ойыншықтарды бір-бірден алып, неден жасалғанын анықтау керек. Сондықтан ойыншықтарды алып, ағаштан жасалғандары ұшақтың қасына, резеңкеден жасалғандарын қуыршақтың қасына орналастыруларың керек.»	жасалған. Ағаштан жасалған ойыншықтарды ұшақтан жанына ойыншықтарды қуыршақтың жанына қояды.
	Ойыншықтар туралы алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы қортындылайды.	Ойыншықтарды топтастырады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: ойыншықтардың қандай материалдардан жасалғанын ажыратуға арналған тапсырмаларды.

Түсінеді: ойыншықтар туралы берілген мәліметтерді.

Қолданады: таныс ойыншықтарды негізгі белгілеріне қарап анықтай білу дағдыларын.

Тақырыбы: Қуыршаққа ат қою.

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы түсінік беріп олардың ерекшеліктерін айту. Қонақжайлық туралы түсінік беріп ыдыстардың аттарын үйретіп оларды ажырата білуге үйрету. Тақпақтар жаттату арқылы ой өрістерін дамыту. Сөздің қорларын байыту. Балаларды адамгершілікке достыққа еңбекқорлыққа қонақжайлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ жауап түсіндіру зажайып сәт.

Көрнекілік: Жыл мезгілдері ыдыс аяқ қуыршақ киімдері.

Шаттық шеңбер

Алдымыздан кезіккен

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен.

Біздер сәлем береміз.

Балалар бүгін бізде ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту. Ашық оқу қызметіміздің тақырыбы: «Қуыршақ бізде қонақта» Бүгінгі оқу қызметімізді бастамас бұрын жыл мезгілдерін қайталап өтейік.

Жылдың неше мезгілі бар?

-Жылдың 4 мезгілі бар (қыс көктем жаз күз)

Қазір жылдың қай мезгілі?

-қыс мезгілі

Қыс мезгілінде ауа-ра йында қандай өзгерістер болады?

-қар жауады, аяз болады, адамдар жылы киінеді

Жарайсыңдар балалар жыл мезгілдері туралы жақсы біледі екенсіңдер.

Күндей күлімдеп.

Айдай жарқырап

Мөлдір кіршіксіз таза судай бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Ғажайып сәт.

Балалар тыңдаңыздаршы керемет бір әуеннің дыбысы естіліп тұр. Бұл қайдан шығып жатыр екен.

(Осы кезде есіктің ар жағынан айналып билеп ішке қуыршақ келеді)

Тәрбиеші: Балалар қараңыздаршы біздің тобымызға кішкентай қуыршақ келіп қалыпты.

Қуыршақ сөзі: Сәлеметсіңдер ме балалар мен сендерге арнайы білімдеріңді тексеруге ертегілер әлемінен келдім. Сендерді өте ақылды білімді деп естіген болатынмын.

Менің сендерге арнайы алып келген тапсырмаларым бар. Соны орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар: ия

Балалар біздің қазақ халқы өте қонақжай халықпыз. Үйге келген қонақты аналарымыз жеңгелеріміз төрден орын берген екен. Ендеше бізде қуыршақты төрге шығарып орын берейік. Қане біздің балалардың қасына жайғасып тапсырмаларды бірге орындайық.

1-тапсырма: Ыдыстарды атын атап олардың не үшін пайдаланатынын туралы айту.

2-тапсырма: Қуыршақ туралы тақпақ айту.

Зере

Қуыршақ қуыршақ

Таза суға жуынсақ

Қол ұстасып дос болып

Бақ ішінде қыдырсақ

Үкілімай

Біздерде бар қуыршақ

Бұзау қозы құлынишақ

Ойыншықтар тыңдайды.

Ақыл айтсақ бұйырсақ.

Адина

Ойыншығым қуыршақ

Не берседе жемейді.

Еркелігі соншама

Көтермесем жүрмейді.

Қане балалар шаршаған болармыз орнымыздан тұрып бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Бала бала балақан

Қане қайсы алақан.

Саусақтарын айбат

Былай былай ойнат.

Балалар сергіту сәтін орындайды.

3-тапсырма: «Қуыршақтың киімдерін атап түстерін ажырату.

Жарайсыңдар балалар. Тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар. Енді біздің қуыршақ не дер екен.

Қуыршақ сөзі: Балалар сендерге көп рахмет. Мен сендерге ертегілер елінен сыйлық ала келдім. Сау болыңыздар.

Қорытындылау: Балалар бізге қонаққа кім келді?

-қуыршақ

Қуыршақтың қандай тапсырмаларын орындадық?

-Ыдыстарды атау қуыршақтың киімдерін атын атап түсін ажыраттық

Жарайсыңдар балалар сендерге көп көп рахмет. Ашық оқу қызметіне жақсы қатыстыңыздар. Сендерге алғысым шексіз.

Тақырыбы: Ойыншықтарды топ-топқа бөлу.

Ашық іс әрекет мақсаты:

а) Балалар бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

б) Не? Нелер? Қайдан алуға болады? Қандай? Неден жасалған сұрақтарына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

в) Ұқыптылыққа, тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр түрлі ойыншықтар, тақпақтар, ойындар, слайд сызбасы.

Әдіс – тәсілдер: Әңгімелету, түсіндіру, көрсету және сергіту.

Пәнаралық байланыс: Қатынас (Тіл дамыту)

Денсаулық (Дене шынықтыру)

Таным (Қ.М.Ұ.Қ. қоршаған орта)

Сөздік: Ағаштан, шүберек, резеңкеден.

ҰОІӘ барысы:

Шаттық шеңбері:

Ойыншықпенен денеміз,

Шынығамыз өсеміз.

Жылдан жылға бір жылға,

Үлкен болып өсеміз.

Тәрбиеші: Балалар сендер немен ойнайсыңдар?

Балалар: Ойыншықпен

Тәрбиеші: Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.

Балалар: Қуыршақ, машина, доп т.б.

Тәрбиеші: Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?

Балалар: Ия, ұнайды.

Тосын сәт: Осы кезде Ақзере жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.

Тәрбиеші: Балалар Ақзереге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?

Балалар: Ия, алып шығамыз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық.

Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.

Балалар мына жердегі не екен қарайықшы жаймендеп бетін ашайықшы және Ақзеренің ойыншығын іздейік?

Балалар: Ия қарайықшы.

Тәрбиеші: Балалар мынау қандай ойыншық? Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.

Балалар: Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, ендеше мына столдағына сөрейік. Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай? Неден жасалған? Түсі қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым.

Балалар: Домбыра. Сопак пішінді. Ағаштан жасалған. Сары. Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк.

Тәрбиеші: Үшінші столды қарайықшы

Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Алақай, менің ойыншығым табылды.

Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.

Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ шүберектен жасалған жұмысақ.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін көрдік, сипаттама бердік. Енді ойыншықтар тің\уралы тақпақтарымызды айтайықшы.

Жансая: Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Қызыл, жасыл, сары көк,

Сенімен ойнайтын бала көп.

Санжар: Ойыншықтар қандай, қандай,

Қызыл, жасыл, сары, көк,

Түрлі – түсті түстері

Көз тартады өздері.

Алдияр: Мынау ойыншық әлемі,

Ойыншықтары әдемі.

Таңдап алып біреуін

Бөпеме алғым келеді

Сынып қалса бір жері

Жөндеп бергім келеді

Жылатпаймын бөпемді

Үлкенмінғой себебі.

Қызғалдық: Добым, добым, домалақ

Қайда кеттің домалап.

Секіртейін келе ғой,

Маған билеп бере ғой.

Слайд сызбасы:

Мақсаты: Көгілдір экраннан көрген

слайд сызбасына сүйене отырып

ойыншықтарды сипаттауға үйрету, заттың

түсін, пішінін, қалай сипаттауға

болатынын айтады көлемін ажырата білу

біліктілігін қалыптастыру. Ойыншықпен

ойнауды, сындармауды және ойнап болған соң жуып сүртіп орнына жинауды үйрету.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Ойыншықпен не істейміз?

Балалар: Ойнаймыз.

Тәрбиеші: Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?! Оларды лақтырмаймыз, сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Біздің ойыншықтар таза. Олар бізге ренжіміді.

Ойын: «Поезд» тақпағымен ойын ойнау

Тақырыбы: Жұмсақ ойыншықтар

Мақсаты:

А) Балалардың бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Б) Не? Нелер? Қайдан алуға болады? Қандай? Неден жасалған? Сұрақтарына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

В) Ұқыптылыққа, тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыстар: ойыншықтардың түрлерімен танысу, ойындар ойнау.

Көрнекілігі: Әр түрлі ойыншықтар, тақпақтар, ойындар, суреттер.

Әдіс-тәсілі: Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сергіту, сұрақ-жауап, танымдық ойын.

Пәнаралық байланыс: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру.

Қостілділік компонент: Ағаштан- из дерева

Шүберектен- из материала

Резеңкеден- из резины.

Әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Уәждік-түрткі болу Шаттық шеңбері:

-Балалар, сендер немен ойнайсыңдар?

-Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.

-Балалар, саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?

Тосын сәт: Осы кезде Ақзере жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.

Ойыншықпенен денеміз,

Шынығамыз өсеміз.

Жылдан жылға бір жылға,
Үлкен болып өсеміз.
-Ойыншықпен ойнаймыз.
- Қуыршақ, машина, доп, аю, қоян, трактор т.б.
Проблемалық-ізденістік -Балалар, Ақзереге ойыншығын тауып беруге көмектесеміз бе?
-Оның ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?
-Жарайсыңдар балалар, ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық. Саяхатқа поездбен шығайық.
Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.
Балалар мына жердегі не екен қарайықшы жаймендеп бетін ашайықшы және Ақзеренің ойыншығын іздейік?
-Балалар, мынау қандай ойыншық? Түсі қандай? Неден жасалған?
-Ақзере, осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
-Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.
Келесі столға келеді.
-Ақзере, осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
-Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.
- Үшінші столды қарайықшы
Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай?
-Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
-Алақай, менің ойыншығым табылды. Балалар, рахмет сендерге, ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.
-Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін көрдік, сипаттама бердік. Енді ойыншықтар туралы тақпақтарымызды айтайықшы.
Л/о «Айырмашылығын тап»

Ән: «Ойыншықтар»

Дамытушы ортада жұмыс:

1. Жұбын тап.
 2. Жетіспейтін бөлігін табу.
 3. Дәстүрден тыс әдістеме: тіс пастасын пайдаланып саусақпен сурет салу.
- Ия, көмектесеміз.
-Ия, қарайықшы.
- Бұл домбыра, ағаштан жасалған, түсі қоңыр.
- Бұл ата мен әже, ағаштан жасалған.

Райгүл :

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Қызыл, жасыл, сары көк, Сенімен ойнайтын бала көп.

Аянат :

Ойыншықтар қандай, қандай, Қызыл, жасыл, сары, көк,

Түрлі – түсті түстері

Көз тартады өздері.

Әлия :

Мынау ойыншық әлемі, Ойыншықтары әдемі

Таңдап алып біреуін
Бөпеме алғым келеді
Сынып қалса бір жері
Жөндеп бергім келеді
Жылатпаймын бөпемді
Үлкенмін ғой себебі.

Айлина :

Добым, добым, домалақ
Қайда кеттің домалап.
Секіртейін келе ғой,
Маған билеп бере ғой.

Бірдей суреттердің бір айырмашылығын табады.

Қорапшаның ішінен үстелге қойылған суреттерге сәйкес фишканы алып жақындап жұмыстанады.

Балалар өздерінің не жасағанын айтады.

Рефлексивті - түзетімдеуші Қорытынды:

- Ойыншықпен не істейміз?

-Ойыншықтар неден жасалады?

Тәрбиеші: Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?! Оларды лақтырмаймыз, сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Біздің ойыншықтар таза. Олар бізге ренжімейді.

Балаларды мадақтау.

-Ойнаймыз.

-Матадан, резеңкеден, пластмассадан.

Білу: Бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыта білу.

Меңгеру: Сұрақтарға жауап беруге, ойыншықтардың неден жасалғанын меңгеру

Жасай алуы: Ойыншықтардың түстерін, пішінін айыра алу

Тақырыбы: «Ойыншықтар әлеміне саяхат» Серуенде ойнайтын ойыншықтармен танысу.

Ашық іс әрекет мақсаты:

а) Балалар бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

б) Не? Нелер? Қайдан алуға болады? Қандай? Неден жасалған сұрақтарына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

в) Ұқыптылыққа, тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр түрлі ойыншықтар, тақпақтар, ойындар, слайд сызбасы.

Әдіс – тәсілдер: Әңгімелету, түсіндіру, көрсету және сергіту.

Пәнаралық байланыс: Қатынас (Тіл дамыту)

Денсаулық (Дене шынықтыру)

Таным (Қ.М.Ұ.Қ. қоршаған орта)

Сөздік: Ағаштан, шүберек, резеңкеден.

ҰОІӘ барысы:

Шаттық шеңбері:

Ойыншықпенен денеміз,

Шынығамыз өсеміз.

Жылдан жылға бір жылға,

Үлкен болып өсеміз.

Тәрбиеші: Балалар сендер немен ойнайсыңдар?

Балалар: Ойыншықпен

Тәрбиеші: Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.

Балалар: Қуыршақ, машина, доп т.б.

Тәрбиеші: Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?

Балалар: Ия, ұнайды.

Тосын сәт: Осы кезде Ақзере жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.

Тәрбиеші: Балалар Ақзереге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?

Балалар: Ия, алып шығамыз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық.

Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.

Балалар мына жердегі не екен қарайықшы жаймендеп бетін ашайықшы және Ақзеренің ойыншығын іздейік?

Балалар: Ия қарайықшы.

Тәрбиеші: Балалар мынау қандай ойыншық? Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.

Балалар: Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, ендеше мына столдағына еөрейік. Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай? Неден жасалған? Түсі қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым.

Балалар: Домбыра. Сопак пішінді. Ағаштан жасалған. Сары. Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк.

Тәрбиеші: Үшінші столды қарайықшы

Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?

Ақзере: Алақай, менің ойыншығым табылды.

Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.

Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ шүберектен жасалған жұмысақ.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін көрдік, сипаттама бердік. Енді ойыншықтар тңуралы тақпақтарымызды айтайықшы.

Жансая: Добым, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап.
Қызыл, жасыл, сары көк,
Сенімен ойнайтын бала көп.

Санжар: Ойыншықтар қандай, қандай,
Қызыл, жасыл, сары, көк,
Түрлі – түсті түстері
Көз тартады өздері.

Алдияр: Мынау ойыншық әлемі,
Ойыншықтары әдемі.
Таңдап алып біреуін
Бөпеме алғым келеді
Сынып қалса бір жері
Жөндеп бергім келеді
Жылатпаймын бөпемді
Үлкенмінғой себебі.

Қызғалдық: Добым, добым, домалақ
Қайда кеттің домалап.
Секіртейін келе ғой,
Маған билеп бере ғой.

Слайд сызбасы:

Мақсаты: Көгілдір экраннан көрген
слайд сызбасына сүйене отырып
ойыншықтарды сипаттауға үйрету, заттың
түсін, пішінін, қалай сипаттауға
болатынын айтады көлемін ажырата білу
біліктілігін қалыптастыру. Ойыншықпен
ойнауды, сындармауды және ойнап болған соң жуып сүртіп орнына жинауды үйрету.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Ойыншықпен не істейміз?

Балалар: Ойнаймыз.

Тәрбиеші: Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?! Оларды
лақтырмаймыз, сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар.
Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Біздің ойыншықтар таза.
Олар бізге ренжіміді.

Ойын: «Поезд» тақпағымен ойын ойнау.

Қане кімнің бойы ұзын,
Паравоз ол пойыздың.
Қатар – қатар тұрайық,
Пойызды біз құрайық.

Тақырыбы: «Қуыршақтарды тамақтандыру»

Мақсаты: Балаларға өлеңді оқып беру арқылы кейіпкер әрекеттері мен мінез құлықтарын талдауға, оларды іс-әрекеттеріне сәйкес бағалауға үйрету.
Сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.

Дамытушылық: Қабілеттерін, ой-қиялын шарықтатын белсенділігін арттыру.

Білімділік: Еңбек және оның маңыздылығы туралы білім беру.

Әдіс-тәсіл: Сұрақ – жауап ойын әңгімелеу, түсіндіру.

Қостілдік компонент: қуыршақ – кукла.

Көрнекілік: Тақырып бойынша суреттер.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	<u>Шаттық шеңбер</u> Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын келді күн. Қайырлы таң, қайырлы күн! Күліп шыққай бүгін күн! Сәлем деймін күнге мен! Сәлем деймін саған мен! Сәлем деймін апайға, Қонақтарға, баршаға! Ғажайып сәт: Қуыршақтарды тамақтандыру. Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерекше болайын деп тұр. Меніңше біреу есік қағып тұр. Қане көрейік. Топқа аю келеді. Балалар амандасайық аюмен. Сәлеметсіңдер ме, балалар. Қараңдаршы аю қандай үлкен! Балалар аю қандай? Аю бізге неден келді! Қане аю отырсын, ал біз не бар екен көрейік. • Бұл не? • Қапшықтың ішінен қуыршақ шықты. • Қараңдаршы қуыршақ	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, қимыл-қозғалыспен көрсетеді, сәлемдеседі. Балалар күтпеген қонақты қарсалды. Балалар аюмен амандасты. Аю бізге үлкен қапшықпен келді.

	қандай әдемі? • Ал қуыршақтың шашының түсі қандай? • Көйлегінің түсі қандай? • Етігінің түсі қандай? • Дұрыс жарайсыңдар. • Енді тағы не қалды? • Қараңдаршы қандай әдемі қуыршақтар. Көрнекілікпен жұмыс. Сурет бойынша қуыршақтың әрекеттері мен мінез құлықтарын талдау, оларды қарым қатынас ережелеріне сәйкес бағалау. Өзін –өзі мәдениетті ұстаудың қарапайым дағдыларын әңгімелету. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, көне қанат жаяйық. Ұшып –ұшып алайық. Орнымызға қонайық.	Бір бала шақырып қапшықтың ауызын ашқызады. Ішінен қуыршақ бар екенін тапты. Олардың көйлектерінің, шаштарының, етіктерінің түстерін ажыратты. Балалар қуыршақтың іс-әрекетін әңгімелейді. Балалар сергіту сәтін қимылмен орындады.
Ұйымдастыру – іздістіру	• Балалар, қазір жылдың қай мерзімі? • Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балаларға жұмбақ жасыру: Бөбектердей бүлдіршін, Киініп тұр бір мүсін. Ол қаз басып жүрмейді, Сөйлемейді, күлмейді. (қуыршақ). • Балалар бүгін қоршаған ортамен таныстыру оқу іс	• Көктем мезгілі • Көктем мезгілінде қар ериді, құстар жылы жақтан ұшып келеді, ағаштар бүршік атады, гүлдер шығады. • Балалар ойланып, жұмбақ шешуін табады. Өлеңді топпен қайталап

	–әрекетінде «Қуыршақ» өлеңін мәнерлеп оқимыз. «Қуыршақ» Апам маған дүкеннен, Бір қуыршақ әкелді. Ерегіспес үлкенмен, Мазақтамас бөпемді. Ойнатамын оны мен, Жылатпаймын түртіп те, Ең жақсысы менімен Таласпайды кәмпитке.	айтып береді.
Рефлексивті – түзетушілік	Міне балалар, біз сендермен қандай «үлкен» жұмыс жасадық. Балалар тапсырмаларды дұрыс орындаған үшін аю өте риза болды. • Мына қуыршақтарды сендерге сыйлыққа қалдырамын және осы қапшықтағы чупа-чупстерді де сыйлаймын. • Ал балалар, аюға «рахмет» айтып, қоштасайық. • Сау болыңдар! • Балаларды мадақтау, сыйлық тарату.	Балалар бүгін оқу іс-әрекеттеріндегі орындалған тапсырмаларды айтады. Қапшықтағы алып, аюға рахмет айтады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қуыршақты тамақтандыру тәсілдерімен танысты.

Қандай түсініктерді игерді: Қуыршақтың әрекеті мен мінез-құлқын талдай біледі.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Өлеңді қайталап айтуға дағдыланды.

Жұмсақ ойыншықпен ертегі құру.

Мақсаты: Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа сюжеттік әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Өзара татулық сезімдерін дамыту, сөздік қорын молайту, қабылдау, есте сақтау қабілетін жалғастыру.

Сөздік жұмыс : маймыл, көжек.

Билингвальды компонент : маймыл – обезьяна, көжек – зайчик.

Көрнекіліктер : суреттер, ойыншықтар, геометриялық пішіндер.

1. Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Күннен жылу алайық

Жүрекке жылу салайық.

Жиналған жылы шуақты

Бір – бірімізге сыйлайық.

- Өте жақсы, балалар, орнымызға отырайық. Мен де сендердің бүгінгі күндеріне сәттілік тілеймін!
- 2. – Балалар, мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр.
 - Неше жыл мезгілдерін білесіңдер?
 - Қазір қай жыл мезгілі?
 - Күздің қай айы? – Ия, дұрыс айтасыңдар күздің соңғы айы.

3. Ойын «Ненің суреті жасырылған?»

Шарты : Өздеріңе ұнаған пішіндерді таңдап алып, қай геометриялық пішін екенін, түсі қандай, оны айтып, артында аяқталмаған суреттер бар, сол ненің суреті екенін табыңдар?

Жасырылған суреттер: Пирамида, қуыршақ, ат, көлік.

Балалар, ойыншықтарды резеңкеден, пластмассада, матадан жасалынған ойыншықтар деп бөлуге болады.

Міне, мына ойыншықтарға қарайық.

- Парта үстінде тұрған ойыншықтармен таныстыру.
- Енді балалар, мен сендермен тағы бір ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын : «Кім жылдам?»

Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, егер жауабы дұрыс болса, сиқырлы дорбадан сол ойыншық шығады.

1. Тиіп кетсе жылаған
Дауысы көпке ұнаған. Домбыра

2. Кеудесінде жаны жоқ,
Тамырында қаны жоқ.

Май жейді,

Су ішеді ол не? Машина

3. Ұшып – қонып тынбайтын,
Қанша соқса сынбайтын.

Суға салсаң батпайды

Түскен жерде жатпайды. Доп

4. Иілсең иіліп,
Түйілсең түйіліп.

Қарайды кісіге –

Ұқыпты ісіне. Айна

Ол неден жасалғанын, жұмсақ, қатты екенін ажыратқызу , резңкеден, пластмассадаң, темірден.

■ Ал енді біздің балалар ,ойыншықтар туралы өз тақпақтарын айтып берсін :
Саянұр:

Күшік , мысық, балапан,

Қуыршағым балақан.

Кәне , бәрің тұрыңдар,

Ойын сауық құрыңдар.

Кәусар :

Ойыншығым балапан,

Сүп- сүйкімді сап-сары.

Шіренгені болмаса,

Ұстағанда жұп –жұмсақ.

Асылзат:

Ойыншықтарым көп менің,

Бәрін жақсы көремін.

Кешке дейін жалықпай,

Бірге ойнап жүремін.

Айғаным :

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз

Атсын күліп таңымыз.

Кайср:

Іші толған бөлменің ,

Ойыншығым мол менің.

Босқа тізіп қоймаймыз,

Келе ғой достар ойнайық.

Ералы :

Үлкенмін ғой міне мен

Ойыншықтарды жинаймын.

Машинаға мінер ем

Кабинаға сыймаймын.

Іңкәр:

Ойыншығым қуыршақ,

Не берсем де жемейді.

Еркелігі соншама

Көтермесем жүрмейді.

Нұркен :

Біз ұқыпты баламыз ,

Айтқан тілді аламыз.

Ойыншықтарды жинаймыз

Үлкендерді сыйлаймыз.

■ Балалар, сендердің достарың бар ма ?
Сендер достар, достық деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

- Дұрыс , балалар, достар бір – біріне әрдайым көмекке келіп, қолындағысымен бөлісетін , тату , бір –бірін сыйлайтын жандарды достар дейміз.

Ғажайып сәт:

- Балалар, бізге қонаққа ойыншықтар келіпті. Қазір мен сендерге осы ойыншықтар туралы әңгіме айтып берейін. Әңгіменің аты : «Ойыншықтар достығы».

«Ойыншықтар достығы»

Ертеде бір сұлу, әдемі қуыршақ болыпты. Ол өзінің әдемілігіне мақтанып, басқа ойыншықтармен ойнамапты. Достары аюдың баласы – қонжық, қоянның баласы – көжек , маймыл ойнауға шақырса бармапты. Бір күні қуыршақ өзінің сұлулығына сүйсіне қарап отырыпты. Аяқ астынан қатты жел соғып , қуыршақ еденге ұқлапты. Оның әдемі көйлегі жыртылып , ол қатты жылапты. Оны байқаған ойыншық достары қуыршақты аяп кетіпті. Маймыл қуыршақтың жыртылған көйлегін тігіпті, көжек басынан сипап жұбатыпты. Ал қонжық болса, қуыршақты жерден көтеріп , орындыққа отырғызыпты. Содан соң қуыршақ менмендігін ұмытып , достарымен бірге тату – тәтті өмір сүріпті. Қуыршақ доссыз өмір қызықсыз екенін ұғыныпты. Ол өзінің қонжық , маймыл , көжек сияқты достары бар екеніне қуаныпты.

- Балалар , сендерге әңгіме ұнадыма ?

Сұрақ – жауап әңгіме бойынша :

- Маймыл не істейді ? /көйлегінің жыртығын тігіпті/
- Көжек қалай көмектесті ? /басынан сипап жұбатыпты/
- Ал қонжық ше ?/қуыршақты жерден көтеріп , орындыққа отырғызыпты/
- Қуыршақ нені түсінді ? /доссыз өмірдің жаманын/

Сергіту сәті : Шапалақ

Қолымызды біз соғамыз

Шапалақты біз соғамыз

Ля-ля- ля- ля

Шапалақты соғамыз!

Дөңгелене билейміз

Шыр көбелек айнала

Аяқты бір басамыз

Топ- топ –топ- топ

Аяқты бір басамыз!

Дөңгелене билейміз

Шыр көбелек айнала

Басымызды иеміз

Көзімізді жұмамыз

Ия –ия –ия-ия

Көзімізді жұмамыз.!

Балалар сендер достарыңа сыйлық жасаңдар.

Сыйлық ретінде ойыншықтардың суретін жапсырып береміз .

Ойын : «Достық неден басталады ?»

Шарты : балалар , мен сендерге достықтың неден басталатыны туралы сөздер айтамын сендер «ия» , «жоқ» деп жауап бересіңдер.

- Татулықтан (ия)
- Сыйластықтан (ия)
- Көмектесуден (ия)
- Сыпайы болудан (ия)
- Төбелескеннен (жоқ)
- Өтірік айтқаннан (жоқ)
- Достықты сатуға болама (жоқ)
- Сендер бір бірлеріңмен татусындарма (ия)

Қорытындылау:

Балалар , біз бүгінгі оқу іс – әрекетімізде «дос», «достық» деген ұғымдармен таныстық.

- Достар әрқашан қандай болуы керек?
- Достар бір – бірлерімен қалай ойнаулары керек?
- Қандай жағдайда бір – бірлеріне көмектесулері керек?

Өте жақсы балалар, достар әрқашан бір –біріне қолдау жасап, қамқорлық көрсетіп , көмектесіп , ойыншытармен бөлісіп ойнайды. Бір – бірлеріңді ренжітпей , тату достар болыңдар! Сендерге үлкен рахмет айтамын сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма ? Олай болса мына смайликтен өздеріңе ұнағанын таратып берейін.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек : ойыншықтардың түрлерін , әрі неден жасалатынын , әңгімені тыңдауды.

Нені игерді : әңгіме бойынша өз түсініктерін айтуды.

Нені үйренді : дос, достық туралы ұғымдарды.

Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлең Н.Әлімқұлов

Мақсаты: Б.М. Өлең мәтінің түсініп, жатқа айта білуге үйрету.

Д.МОйыншықтардың түрлерін ажырата білуге баулу.

Т.М. Ой- өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Хрестоматия, ойыншықтар, жұмыс дәптері.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Ойыншықтар туралы әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: Ойыншық.

Қос тілділік компонент: Ойыншық- игрушка.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын	Жылулық шеңберге жиналу. Кел, балалар, күлейік,	Жылулық шеңберіне

ояту кезеңі	Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	жиналып, тәрбиешімен бірге қайталайды. Қимыл арқылы жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік кезең	Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді жұмбақтар жасырудан бастаймыз. Жұмбақтар Шіркіннің өзіне обал-ақ. Жүреді аяқта домалап. Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. -Балалар, доп, қуыршақты біз бір сөзбен не дейміз? - Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар? -Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз. Өлеңді мәнерлеп оқу. Ойыншықтар Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Қуыршақтар ұйықтайды. Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы құлыншақ. «Ұйықта» десең, ұқпайды. Тыңдамайды ұрысса, Осылары дұрыс па? Тентектігін қоймаса, Тұрғызармын бұрышқа. (Н. Әлімқұлов) Сергіту сәті	Балалар бар зейіндерін тәрбиешіге аударып, жұмбақтардың жауабын табуға талпынады. Доп Қуыршақ Ойыншықтар. Балалар бөлмеміздегі ойыншықтарды атайды. Өлең жолдарын мұқият, зейін қойып тыңдайды. Мағынасын түсінеді.

	Биік болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып. Шетімізден шеберміз, Біз тынығып аламыз, Әсем сурет саламыз. Сұрақ-жауап - Балалар, өлең сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Ойыншықтармен қалай ойнау керек? - Ойыншықтар неден жасалады? Өлеңді жаттау. Дәптермен жұмыс: 1.Суретке қарап әңгімеле. 2.Ойыншықтарды түріне қарай берілген белгілер арқылы қорша.	Жаттығу жасайды. Ұнады. Ойыншықтар. Ұқыпты. Әртүрлі заттардан Дәптермен жұмысты аяқтау, берілген тапсырманы орындайды.
Іс-әрекетті бағалау кезеңі	Қорытындылау. Сюжетті-желілі ойын: «Ойыншықтар әлеміне саяхат» жасау. Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойын ойната отырып, ары қарай жан-жақты дамыту, тіл байлықтарын жетілдіру, сөздік қорларын молайту. Мадақтау, мақтау, жұлдызшалар беру.	Балалар қызықтап ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Өлеңнің мазмұнын түсініп, жатқа айта біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Ойыншықтар туралы тақпақ, жұмбақ, суретке қарап әңгіме құрауды.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Ойыншықтардың түрлерін ажыратуды.

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар» (ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру).

Мақсаты: ойыншықтар туралыәңгіме құрастыруға, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету. «Н» дыбысын қайталату, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: №8демонстрациялық материал (түрлі ойыншықтар суреттері), №8 үлестірмелі материал (түрлі ойыншықтар суреттері).

Қостілділік компонент:ойыншықтар-игрушки, қуыршақ- кукла, машина-машина.

Оқу қызметінің кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шатық шеңберіне тұрғызылады. Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Мне, тұрмыз жараса. -Балалар, бүгін ерекше күн. Біз бүгін ойыншықтар әлеміне саяхатқа шығамыз.	Шаттық шеңберге тұрады. Қолдарын көтеріп, қимылмен көрсетеді. Қуанады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, сендер ойыншықтарды жақсы көресіңдер ме? (Демонстрациялық көрнекілікті қолдану) -Қандай ойыншықтың түрлерін білесіңдер? Қостілділік компонент: ойыншықтар-игрушки, қуыршақ- кукла, машина-машина. Ойыншықтардың темірден, ағаштан, резеңкеден жасалатын және матадан тігілетінін айтады. Есік қағылады.	-Иә -Қуыршақ, машина, доп, қонжық, аю, қоян, балапан т.б. Ойыншықтар-игрушки, қуыршақ-кукла, машина-машина сөздерін қайталайды. Сәлемдеседі. -Иә! Көздерін

	Қонаққа сиқыршы келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазір мен сендерді өзімнің сиқырлы әлеміме қонаққа апарамын. Барасыңдар ма? Ендеше, бәрің көздеріңді жұмыңдар. Алақай,малақай! Суф! Суф! Ал енді көзімізді ашамыз. -Шынында да қараңдаршы, біз көп ойыншықтар әлеміне тап болдық. 2-3 ойыншықты көрсетеді.(Машина, қуыршақ, доп). -Мынау не? Машина.Ол қандай? Машина жүргенде «ың-ың-ың» дыбысын шығарады екен. «Ың» дыбысын айтайық. Қайталаймыз. Балалар басқа да ойыншықтарын сипаттайды (атын атайды, үлкен, кішкентай және жұмсақ, қатты екенін, неден жасалғанын ажыратады). Сиқыршы: -Балалар, мына ойыншықтарды сендерге сыйға тартамын, топқа барғанда ойнайсыңдар, ойыншықтарды ренжітпей, ұқыпты ұстап ойнаңдар. Олай болса көзімізді жұмып, тобымызға оралайық. Сиқыршы балалармен қоштасып шығып кетеді. Сергіту сәті Құлыншағым, құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтыңдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. (І.Жансүгіров) №8 үлестірмелі материалмен	жұмады. Көздерін ашады, түрлі ойыншықтарды көреді. Ойыншықтарды атап, сипаттайды. -Мынау-машина. Ол қатты, қызыл, әдемі. «Ың-ың-ың» дыбыс шығарады.
--	---	--

	жұмыс. Ойын шарты: ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау.	Балалар үлестірмелі материалмен жұмыс жасайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Қандай үй жануарларын білесіңдер? -Малдардың төлдерін қалай атамыз? Сұрақ-жауап арқылы оқу іс- әрекетін қортындылайды.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Біледі: әр ойыншыққа сипаттама беру және олар ойыншықтардың арасынан табу тәрізді тапсырмаларды;

Игерді: ойыншықтарды, ұқыпты, күтіп ұстау керектігін;

Меңгерді: дыбыстарды дұрыс айту дағдысын.

Оқу іс-әрекет тақырыбы: Ойнап өс, ойлап өс.

Оқу іс-әрекет мақсаты: Балалардың ойын арқылы көңіл күйлерін көтеріп, сөздік қорларын дамыту. Ойыншықтар туралы алған білімдерін ойын-жаттығуы арқылы тиянақтау. Балалардың ойынға, ойыншыққа қызығушылығын арттыру. Олармен ұқыпты ойнауға үйрету. Балаларды достыққа, әдепті болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сиқырлы шұлықтар, сиқырлы қорап, ойыншықтар.

Әдіс-тәсілі: шаттық шеңбері, сұрақ- жауап, әңгімелесу, таңқалдыру сәті, ойын.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	-Орнымыздан тұрайық, Мойнымызды қозғайық, Аяғымызды қозғайық,	-Балалар қимылмен келтіреді де, шеңбер құрып тұрады.

	Шеңберге келіп тұрайық! -«Шаттық шеңбері» таңғы жиын немесе психожаттығу. - Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. -Қайырлы таң, балалар! -Барлығымыз қолымыздан ұстап шар үрлейік. -Қолдарыңды көрсетіңдерші. -Саусақтарыңды көрсетіңдерші. -Аяқтарыңды көрсетіңдер, келесі аяқтарыңды. -Өте жақсы. -Енді бір-біріміздің қолымыздан ұстайық. -Алақандарыңмен нені сезіп тұрсындар? -Ендеше, балалар осы алақан жылуы арқылы бір-бірімізге, қонақтарға жақсы тілектер айтайық. -Өте жақсы, балалар!	-Қайырлы таң! -Қолдарын, саусақтарын, аяқтарын кезек-кезек көрсетеді. -Жылылықты сезіп тұрмыз. -Еліміз аман болсын! -Аспанымыз ашық болсын! -Денсаулығымыз мықты болсын! -Әке-шешеміз аман болсын! -Бәріміз дос болайық!
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Таңқалдыру сәті! (Балалар бір-бірімен көңілді күймен амандасып жатқан кезде, қораптың ішінен бір дауыс шығады). -Балалар бұл не? -Қандай қорап? (Тәрбиеші қораптың ішін ақырын ашып тыңдайды). -Балалар, қораптың ішінде не бар екен, ашып көрейін. -Сиқырлы шұлықтар екен. -қараңдаршы, балалар, шынымен-ақ шұлықтар сиқырлы екен. -Балалар, шұлықтың несі бар?	-Қорап. -Сиқырлы қорап. -Көзі, қасы, мұрыны, аузы

-Ендеше, шұлықты алып аяғымызға киейік.
-Балалар, сиқырлы шұлығымыз аяғымызды топылдата ма?
-Сиқырлы шұлығымыз секіре ала ма?
-Сиқырлы шұлығымыз билей ала ма?

-Сергіту сәті.

-Ендеше, балалар «Шымыршық» ойын-өлеңін айтып қимыл-қозғалыс жасайық.
-Өте жақсы, балалар. Денеміз қызып, бойымыз сергіп қалды.

-Негізгі бөлім.

-Аяғымызда сиқырлы шұлығымыз бар, ештеңеден қорықпай, «Ойыншықтар» еліне де баруға болады.
-Қорықпаймыз ба?
-Батырмыз ба?
-Ақылдымыз ба?
-Тәртіптіміз бе?
-Әдептіміз бе?
-Ендеше, кеттік.
-«Ойыншықтар» еліне немен барамыз?

-«Пойыз» ойынын ойнау.

-Қатар-қатар тұрайық,
Қане, қане сұрайық.
Кімнің болса бойы ұзын,
Паровозы пойыздың.
-Кімнің бойы ұзын?

-Ендеше, Гүлім пойызды басқарады.
-Ал, кеттік.

-Ал, паровоз, баста алға,
Бәрімізді басқар да.
«Пыш-пыш», »-біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.

бар екен.
(Балалар шұлықты алып, аяқтарына киеді).

-Балалар топылдатады.

-Балалар секіреді.

-Балалар билей жөнеледі.

-Балалар ойын-өлеңді айтып, қимылын жасап билейді.

-Қорықпаймыз.
-Батырмыз.
-Ақылдымыз.
-Тәртіптіміз.
-Әдептіміз.

-Пойызбен, пойызбен барамыз.

-Гүлімнің бойы ұзын.

Гүлім бірінші болып тұрып, паровозды басқарады.

Балалар өлеңді хормен айтады.

-Міне, «Ойыншықтар» еліне де келдік.

-Балалар, алдымыздан аю шыға келсе, қандай тақпақ айтамыз?

-Балалар, аю нені жақсы көреді?
Аюға балды берейік.

-Ой, рақмет, балалар!
Қорықпай өте беріңдер.
-Түлкі шыға келсе қайтеміз?

-Түлкі қандай аң?

-Рақмет, сендерге балалар!

-Қоян шыға келсе қайтеміз?

-Қоян қандай аң?

-Балалар, аңдар сендерге риза болып, көп ойыншықтар қалдырып кетіпті. Қане, бәрің бір-бір ұнаған ойыншықтарыңды алыңдар. Осы алған ойыншықтарың туралы тақпақтарыңды айтып беріңдер.

1.Аю:

2.Машина:

-Ормандағы бала қонжық,
Ұялардан бал іздеді.
Мойындарын оңға бұрды,
Мойындарын солға бұрды.
Орман ішін аралады,
Ағаштарды шайқап көрді.
Аяқтарын көтеріп ап,
Қуанғаннан билей кетті.
-Аю балды жақсы көреді.
Балалар аюға бал береді.

(Аю балаларға риза болады).
-Түлкі туралы тақпақ айтамыз.
-Түлкі қу, айлакер аң.

-Ей, түлкіжан мақтанба,
Құмарланып шаттанба.
Күшінді сенің көрейін,
Қасқыр келе жатқанда.

-«Ақ қоян ойынын ойнап береміз.
-Қоян аңқау, қорқақ , бірақ жүйрік аң.

-Балалар бір-бір ойыншықты алып, тақпақ айтып береді.

-Орманнан жалпақ даладан,
Бал іздеп бір аң жортады.
Кіп-кішкентай арадан,
Үп-үлкен боп қорқады.

-Машинамын-көлікпін,
Мамандарға көніктім.
Үйренген соң, «білімді»,

		Білесіндер, «тілімді».
3.Мысық:		-Пеш қасында мысық отыр, Аздап көзін қысып отыр. Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр.
4.Күшік:		-Күшігім менің Саққұлақ, Келеді әне шапқылап. Сақтығыңды көрейін, Қойшы атайға берейін.
5.Доп:		-Добым, добым домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдірдің, Тәрелкені сындырдың.
6.Түлкі:		-Түлкі, түлкі, түлкішек, Түнде қайда барасың?..
7.Қоян:		-Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян. Қаша берсең қалыңға, Қорқағым деп ат қоям.
8.Ыдыстар:		-Ыдыстарды жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Кесе, қасық бәрін де, Өз орнына қоямын.
9.Төлдер:	Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың?	-Төлдер ойыншығын алып, балалар барлығы қосылып, «Төлдер» әнін айтады.
	-Енді қоянның биін билеп жіберейік.	-Балалар «Сұр қоян» биін билейді.
	-Барлығы хормен:	-Ойнап жүріп ойыншықпен, Талай нәрсе үйрендік. Енді тізіп қояйық, Бәріміз дос болайық!
	-Қане, балалар енді ойыншықтарыңды үстелдің үстіне тізіп қойыңдар. <i>Ойын: «Не жоғалды?».</i>	-Балалар қызыға ойынды ойнайды.

	Ойын 1-2 рет қайталанады. -Ән: «Ойыншықтар».	-Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ бұйырсақ.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Өте жақсы, балалар. -Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не істедік? -Барлығын өте жақсы орындадыңдар. -Балалар барлықтарыңның үйде де, балабақшада да ойыншықтарың көп. -Осы ойыншықтарға қалай қараймыз? -Ойыншықтар неден жасалады? -Дұрыс балалар. -Міне саяхаттан да оралдық. -Көңіл күйлерің қалай? -Бүгінгі сабағымыз ұнады ма? -Ендеше аяғымыздағы сиқырлы шұлығымызды шешіп, сиқырлы қорапқа салып қояйық. -Мақтау, мадақтау. -Бүгінгі ойын оқу іс-әрекетімізге өте жақсы қатыстыңдар, сондықтан барлықтарыңа жұлдызшалар беріледі.	-Ойыншықтар туралы тақпақтар айттық. Ойындар ойнадық. Ән айттық. -Ұқыпты қарау керек. Ойыншықты сындырмай, тап-таза ұстау керек. Егер кір болып қалса жуып алу керек. -Шүберектен, ағаштан, пласмассадан, темірден, резеңкеден т.б. -Өте жақсы. -Ия. -Балалал шұлықтарын шешіп, қорапқа салады. Балалар жұлдызша алғандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Ойыншықтар туралы біледі.

Игереді:Ойыншық түрлерін, тақпақтар, әндер, ойындар.

Меңгереді:ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарауды.

Тақырыбы:	Ойыншықтар түрлері
Мақсаты:	1. Ойыншықтар түрлері туралы түсінік беру;

	2. Ұқыптылыққа тәрбиелеу; 3. Танымдылық қызығушылықтарын арттыру.
Қажетті құралдары мен көрнекіліктері:	Темір, ағаш, пластамасса, жұмсақ жіне түрлі ұсақ ойыншықтар, қапшық, сөрелер, әдемі сандық, қорапша.
Билингвалды компонент:	Ойыншық-игрушка, дүкен-магазин, сатушы-продавец.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	+	-
Мотивациялық қозғаушы	Негетен келген хатты көрсетіп, оқып береді: «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазақстанда әдемі ойыншықтар шығаратынын естігенмін. Сендерде жұмсақ, қатты, темір ойыншықтар бар ма? Маған сол ойыншықтардың суретін жіберсеңдер, риза болар едім». –Балалар, Негешке көмектесеміз бе? –Түрлі ойыншықтарды қайдан табуға болады? Балалардың жауаптарын тыңдап, толықтырады. Ойыншық дүкеніне баруға ұсыныс жасайды.	Негештің хатын тыңдайды. Негешке көмектесуге қуана келіседі. Сұрақтарға жауап береді.		
Ұйымдастырылған ізденіс	Үнтаспа қосылып, мәшиненің даусы шығады. Балаларды алдын ала дүкен жасалып қойған топтың ойын бұрышына алып барады. «Есіне сақта» дидактикалық жаттығуы Көпшілік орында өзін қалай ұстау керектігін ескертеді: Көпшілік жерде тәртіп сақта; Рұқсатсыз еш нәрсе алма; Бөтен адамға жақындама. Өлең тыңдаймыз Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін. «Дүкенде» ойыны топтың бір бөлігінде ойыншық дүкені жасалып, безендірілген. 3-4 сөреге түрлі түсті ойыншықтар орналаққан. Тәрбиеші	Тәрбиешімен бірге дүкенге (алдын ала дайындалған топтың басқа шетіне) топсеруенге барады. Ережелерді қайталап, айтып отырады. Өлеңді тыңдайды. «Оқу орталығына» қайтады. Өлең мазмұнына		

	дүкеншінің киімін киіп, өзі сабақ барысын жалғастырады. Әр қатардағы ойыншықтар туралы айтқан сайын балаларға ұстатады, қандай екенін сұрайды. Сергіту жаттығуы Күшік, мысық, балапан, Қуыршағым балақан. Қане, бәрін тұрындар, Ойын сауық құрындар. «Артығын тап» дидактикалық ойыны Үстел үстінде түрлі ойыншықтар тұрады: Жұмсақ ойыншықтардың арасында бір резеңке ойыншық; резеңке ойыншықтардың арасында бір жұмсақ ойыншық; т.б.	сәйкес қимылдар жасайды. Ойын ережесін түсініп алады. Артық ойыншықты тауып, алып тастайды, түсіндіреді.		
Рефлексивті түзетуші	Қорыту «Ыстық доп» ойыны арқылы сабақ барысын бекітеді. Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға толық жауап береді.		

Күтілетін нәтижесі:

Нені білу керек:	Ойыншықтардың әртүрлі материалдардан жасалатынын.
Нені игереді:	Ойыншықтарды сипаттай отырып, олардың құрылымын.
Нені біледі:	Ұқыпты, жинақы болуды, ойыншықтарды ұқыпты ұстауды.

Тақырыбы: Ойыншықтар бөлмесі (ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрастыру)
Мақсаты: а) Балалар ойыншық туралы әңгіме құрауға , өз ойларын толық сөйлемдер арқылы жеткізе білуге үйрету.
ә) Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.

б) Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру.

Билингвальды компонент: Кукла-куыршақ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық Қозғаушылық	Ғажайып сәт: тобымызға куыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды	Балалар куыршақтың келгеніне қуанады
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балалар, бұл не? Кәне, «Куыршақ» сөзін қайталаймыз. – Балалар, бұл куыршақтың есімі- Әйгерім. Куыршақ тақпағың жаттату. Біздерде бар куыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. Н. Әлімқұлов Тақпақ жаттаудың әдіс-тәсілі: «Суретті жаттау» Түсіндірілуі: суреттерді тақтаға салып, тақпақты жаттап алу. Сұрақтарға жауап алу. - Балалар «Куыршақ» неге жаттады? Ыдыс-аяққа ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жата ма? - Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар? Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап» Ойын мақсаты: ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Шарты: тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, Сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. - Ойыншық жасалынуына қарай? Жұмсақ па? Катты ма? Әлде созылмалы ма? Ал сол ойыншыққа қандай мейірімді сөз айтасын? - Балалар, бүгін куыршақ туған күні екен. Әйгерімге сендер не	- Бұл куыршақ. - Куыршақ Педагог айтқаның қайталап, жаттап алу Әр бала өз ойыншықтарын атап Өтеді - Аю ойыншығы жоқ, оның қалған ойыншықтардан қарағанда, пішіні үлкен, түсі қоңыр Аю-жұмсақ ойыншық Мен оны ұқыпты, таза ұстап ойнаймын Балалар өз ойларын білдіреді Балалар ауызша әңгіме құрап айтуға тырысады

	сыйлағыларың келеді? Әйгерімнің туған күнін қалай өткізуге болады. -Кәне,шағын әңгіме құрайық. Әңгіме құрау: «Қуыршақ туған күні» Мақсаты:аузша өз ойларын жеткізе білу. Сергіту жаттығуы. Ал балалар,тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп. Солға қарай иіліп. Бір отырып,бір тұрып, Біз тынығып алайық.	Балалар орындарынан тұрып жаттығуды орындайды
Рефлексиялық – түзетушілік	Әңгіме құрағанда толық сөйлем құрұға тырысады Ойыншықтарды ұқыпты ойнау керектігін айту	Балалар педагог сөзіне зейін қойып,орындауға тырысады. Балалар ұсынысты қабылдайды

Күтілетін нәтиже:

Қайталайды:ойыншықтардың неден жасалғанын білу

Түсінеді: толық сөйлем құрауды

Қолданады:өз ойларын сөйлемдер арқылы жеткізуді біледі

Тақырыбы: Машина

Максаты: көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау; машинаның қызметі мен бөлшектерімен таныстыру, жапсыру реттілігін түсіндіру, және жапсыру дағдыларын қалыптастыру, танымдық қабілеттілікпен орындауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс : Машина-көлік.

Мотивациялық қозғаушылық:

- Балалар, көңіл-күйлеріңіз қалай?

-Қане, олай болса, біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу әрекетін сендерге түсіндіріп өтейін жарайма?

Ғажайып сәт:

Қонаққа Қасқыр келеді.

-Балалар, қараңдаршы бізге ертегілер әлемінен қонақ келді, айтыңдаршы қай ертегінің кейіпкері?

-Қане, енді балалар қонақтармен амандасайық.

Біз әдепті баламыз,

Біз ерекше боламыз.

Қонақтарды көргенде,

«Сәлеметсіздер ме?»-деп, сәлемдесіп аламыз.

Ұйымдастырушылық- ізденісті:

Балалар, енді сендерге жұмбақ жасырам, бейнероликке назар аударыңдар ,(слайд) осы жасырған жұмбақтардың шешуін тапсаңдар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы шығады.

Жұмбақтар.

Көше бойы аялдайды,

Адам тасып аяндайды. (Автобус)



Құстан аумайды,

Көкте зулайды.(Ұшақ.)



Суда сайрандайды,

Құрғақта жүре алмайды. (қайық)



-Қане, кім тауып айтады екен?

-Ия дұрыс таптыңдар.

Осы айтылған қайық, ұшақ, автобус осылардың бәрін бір сөзбен айтқанда не дейміз ?

Қане,енді балалар, көліктердің түрлерімен және бөлшектерімен танысайық.
(көліктердің түрлері слайд)

Осы көрсеткен көліктердің бірнеше түрі бар екен, солардың ішінде біз көліктің бір түрі жеңіл машинаға тоқталамыз.

Енді, балалар мына суретке назар аударыңдар, қане айтыңдаршы мынау қандай машина?

Дұрыс, енді осы жеңіл машинаның бөлшектеріне тоқталамыз.

Сөздік жұмыс:Машина -көлік

Енді балалар, біз осы жеңіл машинамызды қайшы, желін, түрлі-түсті қағазды қолдана отырып, ақ қағазымызға жапсырайық.

Бәрін маған қараныздар, бірінші машинаның кабинасын, содан соң терезесін, содан кейін дөңгелегін жапсырамыз.

Міне, енді машинамыз дайын болды.

Сергіту жаттығуы:

Ұшақпенен аспанға,
Жер әлемін шарлайық.
Ұшып-ұшып алайық,
Қызықтарды табайық.
/қимылдарын көрсетіп жасаймыз/

Ойын: «Ойлан тап»

Тәрбиеші үстел үстіне көліктердің түрін шашып тастап, балаларға ішінен жеңіл машинаны табуды тапсырады.

Рефлексиялық түзетушілік:

-Балалар бүгін ұйымдастырған оқу әрекеті сендерге ұнады ма?

-Машина жапсыру қызық па екен?

Құрметті қонақтар мен балалар әрқашанда көңілдерін жарқын, аспандарын ашық, жүздерің қуаныш пен нұрға толсын деген тілекпен бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу әрекетімізді аяқтаймыз.

Қасқыр балаларды марапаттайды дайындаған сыйлықтарын балаларға таратады

Күтілетін нәтиже:

Білу:көліктің бөліктерін,оларды рет-ретімен жапсыруды;

Игеру:көліктердің түрлерін ажыратуды ;

Меңгеру: жапсыру барысында машинаны бөліктерін ретімен орналастыруды.

Тақырыбы: Біздің топтың ойыншықтары.

Мақсаты: 1.Қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру.

2. Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап заттарды топтастыра білуді, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білу дағдыларын игерту.

3.Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.

Керекті құралдар: ойыншықтар- қуыршақ, қоян, жүк көлігі, аю, машина, доп.

Сөздік жұмыс: материал.

Әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Балалар, біз бүгін ойыншықтар әлеміне қонаққа барамыз. Мына ойыншықтар сөресіне жиналып тұрған ойыншықтарды атайық. -Қуыршақ, қоян, жүк көлігі, аю, машина, доп.	Балалар ойыншықтарды атайды.
Іздену ұйымдастырушы	1.Білімді өзектендіру. «Сиқырлы сандық» ойыны. Шарты: Сандық ішінен ойыншықтарды бір- бірден шығарып, оларды сипаттайды, олармен қалай ойнайтындарын әңгімелейді. 2. «Қабырғаны тұрғызамыз» саусаққа арналған жаттығуы. Қабырғаны тұрғызамыз, Жоғары, жоғары. Осылайша Шатырды да саламыз! Тәрбиеші ойыншықтарды көрсетіп тұрып: -Бұл заттардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?- деп сұрайды. -Ойыншықтарды арнайы мамандар әртүрлі материалдардан жасайды. Мысалы, резеңкеден жасалған ойыншықтар болады. Доп резеңкеден жасалған. Кәне, допты сипап көрейік, ол қандай? -Сонымен қатар ағаштан жасалған ойыншықтар да бар. Оларға текшелерді жатқызуға болады. -Сипаттап көрейік, сипап көргенде саусаққа қалай сезіледі? -Олар резеңкеден жасалған ойыншықтарға қарағанда қатты, соған қарамастан оны күтіп ұстау керек. 3.Сергіту сәті: «Ойыншықтар». 4.Билингвальды компонент: ойыншық- игрушка, қуыршақ-	Мысалы: Қуыршақ пен қыздар ойнайды. Қуыршақты тербетеді, тамақтандырады, киіндіреді т.б Машинамен ұлдар ойнайды т.б. Ауада саусақтарымен үйдің суретін салады. Ойыншықтар. Текшелер. -Жұмсақ. -Жеңіл -Қатты. Саусаққа арналған жаттығуды орындайды.

	кукла, текшелер-кубики. 5.Резеңкеден және ағаштан жасалған қуыршақ пен ұшақты сипаттау. -Балалар, бізге қонаққа тағы бір ойыншық келді. Бұл ойыншық қалай аталады? -Қуыршақ ағаштан ба әлде резеңкеден жасалған ба? -Мына ойыншық қалай аталады? (Ұшақты көрсетеді). -Ұшақ неден жасалған? 6. «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны. -Мына ғажайып қапшықта ойыншықтар бар. Қазір ойыншықтарды бір-бірден алып, неден жасалғанын анықтау керек. Сондықтан ойыншықтарды алып, ағаштан жасалғандарды ұшақтың қасына, резеңкеден жасалғандарын қуыршақтың қасына орналастыруларың керек.	Қайталайды. -Қуыршақ -Резеңкеден -Ұшақ. -Ұшақ ағаштан жасалған. Ағаштан жасалған ойыншықтарды ұшақтың жанына резеңкеден жасалған ойыншықтарды қуыршақтың жанына қояды.
Рефлексивті коррекциялаушы	Ойыншықтар туралы алған білімдерін сұрақ- жауап арқылы қорытындылайды.	Ойыншықтарды топтастырады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: ойыншықтардың қандай материалдардан жасалғанын ажыратуға арналған тапсырмаларды;

Игеру: ойыншықтар туралы берілген мәліметтерді;

Меңгеру: таныс ойыншықтарды негізгі белгілеріне қарап анықтай білу дағдыларын.

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің технологиялық картасы

Тобы: «Шаңырақ»

Күні: 16.01.2017 ж

Тәрбиеші: Шарипова Жанар Махмутқызы

Білім беру саласы:Таным.

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы: «Біздің қанатты достарымыз»

Мақсаты: 1. Құстар (торғай және сауысқан) және оларды бір – бірінен қалай ажырату керектігін түсіндіру.

2.Құстарға ғана тән ерекшеліктерді түсіндіру арқылы ксте сақтау қабілеттерін дамыту..

3. Табиғатты сүюге және оған қамқор болуға баулу.

Қажетті құрал – жабдықтар мен көрнекіліктер: сауысқан мен торғайдың суреті,үйлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: жемсауыт.

Билингвальді компонент: құстар- птицы, торғай – воробей, сауысқан – сорока.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің басқару іс - әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	Жұмбақтар шешкізу. 1.Итпен бірге таласар, Табаққа қонып қоймайды. Білесің, кәне, айта ғой, Танисың ба (торғайды). 2.Үстіне ақ қамзолын киіп алып, Жүреді қанаттарын жиып алып. (Сауысқан) Торғай мен сауысқанның суреттерін көрсетіп, олардың қонақ екенін хабарлайды.	Жұмбақтардың шешуін тәрбиешінің көмегімен табады.
Ұйымдастырушылық - ізденітік	1. Білімді өзектендіру: -Біздің топқа нелер ұшып келді? -Торғай мен сауысқан аң ба, әлде құс па? 2.Құстар туралы әңгіме өткізу. -Құстар қанат және қауырсындарымен ерекшеленеді. Олардың айыздарының орнында тұмсық, қолдарының орнында қанат, екі аяғы бар, бірақ олар көбіне аспанда ұшып, қалықтап жүреді. (Суреттер көрсетеді). -Мынау – сауысқан. Оны ақ бүйірлі құс деп те атайды. Себебі оның екі бүйірі ақ түсті. -Мынау не? Көгершіндер ішінде Шауып жүр ғой бір нәрсе.	-Торғай мен сауысқан. -Олар – құстар. Өйткені олардың қанаттары бар. Ұшады. Тәрбиешіні тыңдап, сұрақтарына жауап береді. -Торғай. Өлеңді тыңдайды.

	Жақындап біз қарасақ, Торғай екен кішкене. -Пішіні бойынша қайсысы үлкен? Торғай ма, әлде сауысқан ба? -Бұл екі құстың түстері қандай? -Құстар зиянды құрт – құмырсқалармен қоректенеді. Сөйтіп, олар көптеген зиянды жәндіктерді құртады.	Екеуінің пішіндері және түстері әртүрлі. -Бірақ екеуі де құс. Екеуі де ұшады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Қыста құстарға жем тауып жеу қиынға түседі. Сондықтан адамдар жемсауыт жасап, оны ағаш бұтақтарына іліп қояды. Жемсауытқа нан қиқымдарын және т.б жем салады. 3.Билингвальды компонент: құстар – птицы, торғай – воробей, сауысқан – сорока. 4.Сергіту сәті: Күні бойы бұл құстар, Билеп жатыр тынбастан! Таңменен бәрін оятып, Дәмесі бар ырыстын! -Біз билеп жатқан кезде тағы бір қонақ келді. Ол келген не екен? (Көбелектің суретін көрсетеді) -Көбелек өзін құстар қатарына жатқызды екен. Осысы дұрыс па? (Жоқ, қанаты, тұмсығы жоқ). 5.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді. 6. Жеке жұмыс жүргізеді: «Қолғаптың сыңарын тап» ойыны.	Қайталайды. Музыка әуенімен «құстар» биін билейді. -Көбелек. -Жоқ. Көбелектің тұмсығы, қанаты, қауырсыны жоқ. Ол – жәндік. Тапсырманы орындайды. Ойынға кіріседі.

Рефлексиялық-түзетушілік	-Ал енді еске түсірейік, бүгінгі сабағымыз қай тақырыпта болды? -Сауысқан, торғай, қарға – барлығын бір сөзбен қалай айтамыз.	Өткенді қорытындылайды.
---------------------------------	--	-------------------------

Күтілетін нәтежелер:

Жасайды: құстардың пайдасы, оларды бір – бірінен ажырата білуге байланысты берілген тапсырмаларды;

Түсінеді: құстардың бірнеше түрін және олардың ерекшеліктері туралы берілген мәліметтерді;

Қолданады: құстарды басқа жан – жануарлардан ажырата білу дағдыларын

Тақырыбы: Мен және менің қуыршағым

Мақсаты: Болашақ арулардың бойына қазақы тәрбиені бойына сіңіру, «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің жан - жақты сұлулықтың белгісі екенін түсіндіру, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

1 - жүргізуші:

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған,

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған

Қолын қатты тигізбей,

Кір көйлек кигізбей,

Иісін жұпар аңқытқан

2 - жүргізуші: Жер - Анаға тіршілік нәрін себер, көктеммен бірге барлығымыз үшін қымбатты мейрам келіп жетті. Барша аналарға, аруларға ілтипатымызды білдіре отырып осынау төл мерекелеріңіз құтты болсын демекпіз. Бүгін сіздерге «Мен және менің қуыршағым» байқауын тарту етеміз.

1 - жүргізуші: Қыз емес, қыздың өзі алтын

Көрінер толған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын.

2 - жүргізуші:

Мың бұралған қыздарымыз аңдып басып,

Келеді міне, ортаға толқып - тасып.

Аруларын сыйлаған халқым менің,

Қол соғып, қошеметпен қарсы алайық.

1. Ай секілді өзі де,

Сыңғыр – сыңғыр сөзі де.

Дильназ деген қызымыз

Әдемі ғой көзі де.

2. Үздік оқып сабағын,

Бәрімізге жағатын.

Аружан кейде ренжісе,

Түйіп алар қабағын.

1. Сабағын да меңгерген,

Жақсылықты жөн көрген.

Ата - анасы Ақләйлекке

Әдемі есім теңгерген.

2. Қуантады білімімен бізді Аңсаған

Қол соғып қарсы алайық енді оны біз

Білімнің серік болсын талабыңа

Бүгіні қабыл болсын тілегіміз.

1. Сабағынан қалмайды,

Жалқаулыққа бармайды.

Айымгүл бүгін сайыста

Өн мен жырын арнайды.

2. Биші болу арманы, Сүйкімді қыз - Аймереке. Сәттілікті тілейді Болмасын саған

ешкім қас. 1. Анасының еркесі, Әкесінің еркесі. Әп - әдемі Дананың Көбейе берсін тек

бесі. 2. Досымыз бар арамызда, Үлгілі оқушы Тұмар. Ұйып тыңдап ұстазын, Тып -

тыныш қана отырған.

(Ұлдар қыздарды ізетпенен сахнаға ертіп келеді)

2 - жүргізуші:

Кішкентай арулар келіп жетті танысуға

Бойындаға бар дарынды дарытуға

Қорықпастан сахнаға келіп жетті

Әдеппен, ізетпен танысуға.

1 - кезең. Өздерін таныстыру

1 - жүргізуші:

Кедеймін деп қысылма,

Өнерің болса қолыңда.

Өнерлінің ырысы

Жарқырап жатар жолыңда - дей келе, қыздардың өнерімен танысайық. Олар қуыршақ

- тарымен қандай өнер көрсетпек екен? Қол соғып, қарсы алайық.

2 - жүргізуші:

Шеберлерім өнер тамып қолынан,

Жаңылмаған ата - баба жолынан.

Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,

Біз айталық төрелігін соңынан. 3 - кезең «Шебер қолдар» деп аталады. Қыздар

қуыршақтарына арнап тіккен киімдер үлгілерін көрсетеді.

1 - жүргізуші: Максим, қыздардың қолынан бәрі де келетініне көзім жеткендей болды.

Қыздарды осы біз, ұлдар, бекер ренжітіп жүрміз - ау деймін.

2 - жүргізуші: Әбдрахман, сөзіңе қосылам. Қыздар енді жемістерді сәнді етіп кесіп, тәрелкеге безендіруден сайысқа түсіп көрсін. Қыздар тапсырманы орындап болғанша, ер балалар болып, аналар мейрамына өлең жолдарын арнасақ деймін.

1 - оқушы:

Сізден өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті біздің аналар

2 - оқушы:

Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі.
Шаншымасын ешқашан
Аналардың жүрегі

3 - оқушы:

Айналайын, анашым,
Жұмысына барасың.
Қайтып мені көргенше
Шын сағынып қаласың

4 - оқушы:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз

5 - оқушы:

Ерлік еткен біз үшін,
Еңбек еткен біз үшін,
Еркелеткен біздерді,
Еркіндеткен біздерді
Анамызға мың алғыс

2 - жүргізуші: Сіздер бүгін аруларымыздың өнерлі екенін көрдіңіздер. Әділқазылар алқасына сөз беріледі. Барлық аналар мен аруларды құттықтап сынып оқушылары «Жан анам» әнін орындайды

Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншықтарым

Мақсаты: Білімділігі Балалардың сүйікті ойыншықтары арқылы оларды бауырмалдыққа, мейрімділікке, қамқор болуға дағдыландыру. Дамытушылығы: Балаларды сөзді анық айтып , дұрыс сөйлей білуге баулу , сөздік қорларын дамыту . Тәрбиелілігі: Олармен қалай ойнау керектігін түсіндіріп , ұқыптылыққа , эстетикалық талғамдарын кеңейту , ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен , жанашырлықпен карап әрекет етуге тәрбиелеу .		
Билингвалды компонент: ойыншық - игрушка, доп - мяч, қуыршақ - кукла.		
Қолданылатын көрнекі құралдар: Резеңкеден жасалған, темірден жасалған, ағаштан жасалған, матадан жасалған ойыншықтар және суреттері,көбелек.		
Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекегі
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Біз ұқыпты баламыз , Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлерінің қолдарын ұстап жылы сөздерін айтады.
Іздестіру-ұйымдастыру	Балалар қараңдаршы бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане қонақтармен жақсылап амандасып алайық. Табиғат біздің анамыз! Табиғатқа баламыз! Иіліп сәлем береміз! Біз әдепті баламыз! «Көбелек гүлге қонады» ойыны Ойынның шарты: Сендер гүлдерсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қонған бала менің сұрағыма жауап береді. 1 Қазір жылдың қай мезгілі? 2 Көктем мезгілінде неше ай бар?	- Бұл - текше. Ойын шартын мұқият тындап сұрақтарға жауап береді Жыл мезгілі көктем. Көктемде 3 ай бар Күн жылы

ойыншықпен ойнайды?
Балалар ; машинамен ойнайды .
Тәрбиеші ; Ал, машинаның түсі қандай?

-Кім машина туралы тақпақ біледі?

Али

Үлкенмін ғой міне мен,
Ойыншықтарды жинаймын
Машинаға мінер ем,
Кабинаға сыймаймын.
Ойыншықтармен қалай ойнау керек екенін білеміз бе?
(балалардың жауабы)
Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе? Иә, онда мына ойыншықтарымызға мұқият қарайықшы.
Ойыншықтардың мынадай түрлері бар екен.
Ойыншықтардың түрлерімен таныстырып кетейін

1.Матадан жасалған .

2. Пластмассадан .

3. Резинадан.

4. ағаштан

5. темірден жасалған ойыншықтар.

Сендер енді өздеріңнің ойыншықтарыңды неден жасалатынын білесіндер.

Ойын ; « Сиқырлы қапшық ». (ішінде ойыншықтар)

Ойын шарты ; көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар . Алған ойыншықтар неден жасалыңғаның айтасындар.

Ұқыпты,сыңдырмаймыз,жұлмаймыз,
лақтырмаймыз, таза ұстаймыз



	Д/о « Не артық?». Ойын шарты ; Суреттеге не артық салыңғанын тауып, атын атап айту керек. Сендер енді өздеріңнің ойыншықтарыңды неден жасалатынын білесіндер. Балалар енді сендер өздерінің сүйікті ойыншықтарың туралы тақпақтарды айтып беріндерші Даша Добым менің домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдірдің, Тәрелкені сындырдың. Карина Кесе - шыны пияла, Оларсыз шәй құя ма. Қасықсыз тамақ жемейміз, Бәрінің атын не дейміз. Фархат Ойыншығым қонжығым, Анасын да білмейді. Қорбаңдаған аюды, Түсінде де көрмейді. Амир Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін Сергіту сәті Тікірейіп екі құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті қолын жуады. Секірем деп үстелден, Құлап жүрме мысығым. Дидактикалық ойын: « Ғажайып қорапша ». Балалар мен енді жұмбақ жасырамын егер жауабын дұрыс тапсаңдар сандық ішінен	Балалар сергіту жаттығуын орындайды.
--	---	---

	сол ойыншық шығады. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар.(түйе) Төрт аяқты, екі көзді. Өзі жансыз жүреді. От пен майдан жемі бар, Құрыш болат жүрегі. (Автомобиль) Суға салсаң батпайды , Түскен жерге жатпайды . (доп) Тиіп кетсе жылаған, Дауысы көпке ұнаған.(домбыра) Қане балалар сендерге ойыншықтар туралы тақпақ айтып берейін. «Қуыршақ» 1. Әй, қуыршақ, қуыршақ, Жуынбайды жуынсақ. Беті қолдың батпағын Елең қылмай жатқаның - Қашан адам боласың? - Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік? - Өзіміздің сүйкті ойыншықтарымыз туралы айттық -Сүйкті ойыншықтарымызға арнап ән айтып берейк	
Рефлексті- дәлелдеу	Қорытынды: Ән "Ойыншықтар" - Осымен, балалар біздің сабағымыз аяқталды. - Қонақтармен қоштсайық - Қош сау болыңыз!!! <i>Балаларды мақтап, мадақтау</i>	Балалар ән айтады
Күтілетін нәтиже:		
Нені біледі: ертегінің көптеген түрлерін білу;		

Қандай түсініктерді игерді: ұқыптылықты игереді
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: ертегі кейіпкерлерін сахналауды біледі.